

КНИЖКА

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл.

Молшылық КӨКТЕМІ

Көктем!

Қандай жақсы сөз. Жақсы сөз ғана емес — зор қуаныш. Көктемде — күн жылынады, өкпек жел соғады, қар ериді, сай-салаға су толады. Көктемде ақ қар кетіп, қара жердің беті көк масатыға оранады. Міне, осы шақта жан-жануар тырбанып, қаланың алаңдарына, көшелеріне, колхозды ауылдың, деревняның далаларына шығады. Қыс бойына аяз қысқан өмір жадырап жайнай бастайды.

Ұзақ күткен көктемді, кішкентай дос, сен де құрақұша қарсы аласың. Қыс бойы иықтарыңды басқан ауыр киімдеріңді жұлып тастап, емін-еркін жүгіресің, шырпыңы уысыңа толтыра қысып, жалт-жұлт қашқан қырмызы көбелектерді қуасың. Күннен күнге тебіндеп өскен көк майса өсімдіктердің өсуіне, өзгеруіне рахаттана қарайсың. Табиғаттың сан алуан құбылысының куәсі боласың. Ия, сен оның әзірше куәсі, масаттанушысы ғанасың.

Көктем — қиял. Көктемде көңілің тасыған сенің ойың талай-талай тарапқа кетеді. Солтүстік полюске де барғың, оңтүстік үйіктің сыңсыған қара орманын да аралағың, реактивтік самолеттен аспан әлемін де шарлағың, сүңгуір кемемен мұхиттың түбіне де сүңгігің келеді. Бірақ, мұның бәрі қиял емес — мұның бәрі бүгінде бар, күнделікті өмір.

Ал, егер сен Айға, Марсқа ұшуды арман етсең — міне, ол қиял. Оларға барған әзірше ешбір адам жоқ. Айға, Марсқа ұшып бару үшін, оны әуелі жақсылап ойлану керек. Немен, қалай ұшу керек? Гәп сонда. Талпыну, ойлау, жаңалық ашуға ұмтылу — бұл өте жақсы қасиет. Сенің онда бір өзін туралы, өз басыңның мүддесі туралы ғана емес, жалпы адамдардың мүддесі туралы, олардың пайдасы туралы ойлағаның.

Адамзат мүддесі күнбе-күн жаңалық ашып отырғанда ғана, өнерпаздар қатары өсіп отырғанда ғана орындалып отырмақ. Талпынуға саған да жол ашық. Еркін білсін. Айға да ұшуыңа болады. Тек ол үшін физиканы, математиканы, астрономияны тағы да көптеген пәндерді жақсылап үйреніп ал. Сонда ұша да аласың!

Сен тағы не ойлайсың? Әрине, ең алдымен соғыс болмаса екен, дүние жүзі тату тұрса екен дейсің. Рас, соғыс болмаса, жетім-жесір, аш-жалаңаш, ауру-сырқау болмайды. Қалалар, заводтар, фабрикалар, деревнялар қирамайды. Егер, ел тыныш болса, бейбіт еңбек етеді, тарықпай өмір сүреді. Міне, сенің елің де сенің өзіңнің ойлағаныңды ойлайды. Ол, соғысты болдырмаудың әрекетінде. Ол, халықтың тұрмысын жақсарту мақсатында отыр.

Балалар, біздің туған республиканың алдына зор міндет қойылған. Ғасырлар бойы тебіренбей жатқан тың даланы игеру шабуылы басталған. Ұлы Коммунистік партияның шақыруымен, Қазақстан еңбекшілерінің тың игеру ісіне көмектесуге Отанымыздың жер-жерінен көптеген еңбекшілер келген. Туысқан Совет үкіметі тың игерушілерді ауыл шаруашылық техникасымен толық қамтамасыз еткен. Осылайша бүкіл ел болып жұмыла жұмыс істеу арқасында, Қазақстанның ұлан-байтақ даласы жайқалған егінжайға айналды. Сөйтіп, соңғы төрт жыл ішінде 21 миллион гектар тың жер жыртылды. Егер, еліміздің астық қорындағы Қазақстанның 1953 жылғы үлесі 2 процент ғана болса, 1956 жылғы үлесі 30 процентке жетті. Сонымен, біздің республикамыз астық өндіру жөнінен бүкіл ел бойынша екінші орынға бір-ақ шықты. Оның алдында енді тек Россия Федерациясы ғана. Бұл жылы Қазақстан бір миллиард пұт астық жинады.

Сол жылы Украинада және басқа да еліміздің астықты мол егуші аудандарында болған қуаңшылықтың есесін тыңға шыққан бітік өнім толықтырды.

Тың игеру туған республиканың дәулетін жылдан жылға байытып келеді. Егінді көп егетін, малға бай, шаруашылықтың алуан саласы өркендеген колхоздар мен совхоздар әбден көбейді. Колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының тұрмысы да мейлінше жақсарды. Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданындағы «Прогресс» артелінің мүшесі Нам Ир Сеннің айлық табысы 1957 жылы 2000 сомнан айналды.

Қазақстан ежелден малды әлке. Ол қой шаруашылығы жөнінен де елімізде екінші орынға ие. Жылқы мен ірі қара жөнінен біз үшінші орындамыз.

Алайда, 1957 жылғы қуаңшылық біздің республикамыздың егініне зиянын қатты тигізді. Соның салдарынан бұл жылы астық 1956 жылғыдан әлдеқайда кем жиналды. Астық шығымының нашар болуы бір ғана қуаңшылықтан деу дұрыс емес. Жауын аз болған жылда да агротехникалық шараларды дұрыс қолданса, топырақтың ылғалын сақтай білсе, егінді дер кезінде салса, жерді терең жыртса, ойдағыдай өнім алуға болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Міне, сол себепті Қазақстан еңбекшілері биыл тағы да бір миллиард пұт астық өнімін алу жорығына аттанды. Барлық күш, барлық жігер осы мақсатқа жұмсалмақ. Ол — ел байлығы, ол — молшылық.

Ол молшылық өзінен өзі келмейді. Мыңмыңдаған адамдардың аянбай еңбектенуінің арқасында, күрделі техниканың күшімен келеді. Қар аралас жанбырларда, ысқаяқ желдерде, бейнетті белден кеше жүріп еңбектену арқасында келеді.

Миллиард пұт астық үшін күрес, сонау қыстың үскіріктерінде қар тоқтатудан басталған. Ол күрес көктемгі егіс кезінде мейлінше қызды. Қазақстан даласы бұл күндері ұлы дүбірге ұқсайды. Тыным тауып отырған ешкім жоқ. Мұнша үлкен істе бекер қарап отырудың өзі бейшарашылық. Көп егіннен

бітік өнім жинап алу жұмысы сонау күзге шейін, қашан астықтың бәрі қоймаға құйылып болғанға шейін созыла бермек.

Олай болса, балалар, сендердің де елде молшылық жасау ісіне араласуларың керек. Сендердің де қолдарыңнан келер алуан түрлі жұмыстар бар. Оқуды жемісті аяқтап, жазғы дем алысқа шыққаннан кейін ата-аналарына, колхоздарыңа көмектесіңдер! Сендердің еншілеріңе тиетін төл күту, құс фермасына қарау, арам-шөп отау, зиянды жәндікті құртуға қатысу, жұмыс басындағыларға тамақ, газет, журналдар жеткізіп беру сияқты толып жатқан жұмыстар бар. Қай жерде болып, қай жерде жүрсеңдер де сүйікті республиканың міндетін естеріңнен шығармандар!

Бұдан көп жыл бұрын, 1886 жылы Америка Құрама Штаттарының жұмысшылары ашаршылыққа ұшырамау үшін сегіз сағаттық жұмыс күнін белгілеуді талап етіп ереуілге шыққан. Ереуіл Американың үлкен қаласы — Чикагода сұмдық күшті болды. Бірақ, ереуілшілерді полиция аямай қырды. Тірі қалғандардың көбін айдауға жіберді. Осыдан үш жыл өткен соң 1889 жылы әр ел жұмысшыларының өкілі Парижде жиналып, еңбекшілердің ереуілдері мен қыр көрсетулерін дүние жүзі елдерінің барлығында жыл сайын бір күнде өткізіп тұруға қаулы алды. Ол күн Чикаго жұмысшыларының ереуіл бастаған күні — бірінші Май күні болып белгіленді. Жұмысшылар өздерінің халықаралық бірінші Май демонстрациясына, ұйымдасқан түрде алғаш рет 1890 жылы шықты. Сонан бері қарай Бірінші Май үздіксіз мейрамдалып келеді.

Бірінші Май капиталистік елдерде бостандық алу жолындағы күрес күні болып өтеді. Бұл күні еңбекшілер капиталистерден соғысты болдырмауды талап етеді.

Бірінші Май, социалистік лагерьдегі елдерде асқан шаттықтың, зор бақыттың, биік қиялдың, ұлы достықтың күні болып өтеді. Ол күн, біздің республикамызда молшылықтың көктемі, ұлы мақсатқа жігерлендіруші күн болып өтеді.



Саид Баязитов.

ӘНГІМЕ

Қайырбек, сырттан келген кісі бірден көре алмайтын, үстін шыр-мауық гүлдер жапқан, аласа, ағаш шарбақтың түбінде отыр. Алдында бір бүйірінен шақпақ түскен жарты қауын. Қолында жұқа тілік. Тіліктің, саяз жыртылған жердей, тек бетіндегі шырыны желінген. Қыртысы қалың қалып барады. Осындай қалың қыртысты, шала желінген тіліктер аула ішінде әр жерде-ақ шашылып, топыраққа былғанып жатыр.

Қайырбек қолындағы тілікті де шарбақтың ашық тұрған есігін көздеп лақтырып жіберді. Анасы агрономдар курсына оқуға кеткелі есік ұдайы осылай ашық тұратын. Оны әдейі кіріп-шыққандағы мазасыз шиқылы үшін ашып қойған.

Қабық дәл тиген есік тағы да бір шиқ ете түсіп еді, осыған ілесе көшеден машина гүрілі де естілді. Қайырбек құлақ түре тыңдай қалды. Мотор гүрілінен әкесінің машинасы екенін таныды. Колхоздың жүк машинасын жүргізетін әкесі мана таңертеңгілік аудан орталығына кеткен, содан қайтып оралған беті болуы тиіс.

Қуанған бала орнынан ұшып тұрды да, сыртқа жүгірді. Әдеттегіше, әкесінің алдынан шығып қарсы алмақ.

Машина екпіндеп келіп, үйдің тұсына тоқтады. Қайырбек те кідірмей кабинаға ұмтылып еді, бірақ кабинадан әкесінің жанында отырған, түр-әлпеті сұсты, бейтаныс біреуді көріп, тез кейін шөгінді. Шеттеп шығып, оған состиа қарап тұрып қалды.

— Ұлың осы ма? — деді бейтаныс кісі де оны көріп.

— Осы.

— Е, жігіт болып қалған екен ғой өзі.

Әкесі ұлын мақтаныш өткендей жымылып қойды.

Қайырбектің ойнақы кішкентай көздері кабинадан жеңіл түскен бейтаныс кісінің сырт кескінін тез

шолып өтті. Ол тік денелі, кең иықты, батыр тұлғалы келген адам. Кескіні сұсты болғанмен, көздері күлімдеп тұр. Бойына шап-шақ сұрғылт костюмін қағынып, көк жолақ галстугін түзеп өткен ол қалтасынан орамал алып, тершіген маңдайын сүртінді.

— Мына күннің күйдіруін-ай! — деді Қайырбекке қарап.

— Шөлдеген боларсың? — деді кабина есіктерін мұқият жауып, үйге беттеген әкесі.

— Несін айтасың, таңдайым кеуіп қалды.

— Қазір жібітеміз. Үйде үзген қауын бар ма, Қайырбек?

— Бар еді, жеп қойдым, — деді сәл ыңғайсызданған Қайырбек.

— Жеп қойсаң, тездетіп барып бақшадан әкеле ғой. Тәттісінен!..

— Тәттісінен? — деді бейтаныс таңданып, оны қайдан біледі?

— Піскенінен дегенім ғой.

— Піскенін айыра ала ма?

— Айырғанда қандай! Анасына тартқан агроном болғалы жүр өзі. Онысын бұрын байқамай жүрген екенбіз. Анасы кеткелі бақшаны еркін қолына беріп едім, өзін танытып шыға келді. Піскен қауынды айнытпай тауып әкеледі. Әкелгенінен дәмсізі шығып көрген емес, шетінен тәтті. Содан бері өзім бақшаға кіріп қауын үзуді қойдым.

— Апыр-ай, тамаша екен! — деп агроном шын-ақ таңданып жатыр. — Ал, ендеше көрсет өнеріңді, жігітім, тарт бақшаға! — деді ол Қайырбектің басынан сипап өтіп.

Жеткізе айтылған мақтау бойына желік бітіргендей, Қайырбек жүгіре жөнелді.

— Қазір-ақ әкелемін. Тәттісінен! — деді ол артына бұрыла айқайлап. «Тәттісінен, тәттісінен» деген сөзді қауындыққа жеткенше бірнеше қайталады.

ТӘТТІ КҰАУЫНДАР





Қауындық біраз жерді алып жатыр. Жалғасында қарбыз егілген алап. Жасыл жолақты сопақша қарбыздар мен қазандай теңкиген қара қарбыздар, күн көзіне қақтап тастағандай, жалтырап ашық жатыр. Олардың күндіз жылымшы татып тұратынын Қайырбек жақсы біледі. Сондықтан ол аялдамай, бірден қауындық жабына келіп түсті. Бұл кезде күннің ыстығына тек алақандай-алақандай жалпақ жапырақтар астына паналаған қауындар ғана төтеп бере алады.

Қайырбектің аласа бойы терең жаптан көрінбей кетті. Әкесі мен агроном беті-қолын жуынып, сүртінгенше, бір үлкен сары торламаны мықшия көтеріп, үйге келіп те қалды.

— Піскен бе? — деді әкесі қолынан торламаны алып жатып.

— Піскенде қандай! Қант татып тұр! Қауындағы үш бұрышты шақпақ ізін көрген бейтаныс:

— Дәмін татып та көргенбісің? — деді. Қайырбек езу тарта күліп қойды да, әкесіне пышақ пен ыдыс әкеп берді.

Сары торлама лезде пышаққа ілінді. Әкесі қолы-қолына жұқпай кеспелеп қойып жатыр. Бәрін болған кезде, бір кесіндісін аузына салды да:

— Міне қауын! — деп, мақтанған пішінмен қонаққа қарады.

Қауынға қарап әлсін-әлсін тамсанып отырған қонақ та:

— Жарайсың, жігітім, — деп сүйсіне үн қатты. — Мұндай тіл үйретін тәтті қауынды талай жыл агроном бола жүріп, сірә, жеп көрмеген шығармын.

— Айттым ғой, анасы өсірудің агрономы болса, бұл — тәттісін табудың агрономы, тамаша емес пе! — деді әкесі.

Қайырбек те әкесі мен агрономға кезек қарап, жымындап күліп отыр еді, бір кезде агроном:

— Бақшаның өзін барып көру керек екен, — дегенде, күлкісін кілт тия қойды. — Мұндай тәтті қауындар өскен бақшаны, сөз жоқ, барып көруіміз керек. Қайырбек, мүмкін, бізге тәтті қауынды қалай танудың әдісін де үйретер?

Қауын желініп болған соң:

— Баста, Қайырбек! — деді олар.

Амал жоқ, оларды бастап баруына тұра келді. Манағы тасыған көңілі су сепкендей басылған. Ол аяғын тартына басып, селқос жүріп келеді. Көзіндегі кірбің мен жүзіндегі реніш бірте-бірте молайып барады. Онысын агрономға сездірмеуге тырысып күнге қарайды...

Күн манағыдан едәуір кешкіріп қалған. Бірақ қызуы қайтпапты. Бақшалық үстінен сығалай қарап, жалын атып тұр. Бақшадағы күнбағыстар, бейнебір өзінің сүйікті командирімен қоштасқалы тұрған солдаттардай, жаппай күн көзіне қарасып, алтын буға малғандай жарқыраған жапырақтарын баяу желбіретеді.

— Келдік, — деді Қайырбек бір кезде, қауындық жерін қолымен нұсқап көрсетіп. — Міне, осы... Мынасы қарбыздар...

Теңкиіп-теңкиіп жатқан қарбыздарды сүйсіне бір шолып өткен агроном, көзін қауындыққа жіберді. Қауынның қара қошқыл тартқан қалың пәлегі мен жалпақ жапырақтарын көріп, көздері от ойнап, ұшқын атып кеткендей болды. Қауындық көзін арбап алғандай.

Бір кезде ол жуықта ғана су жіберіліп, ылғалы әлі кеуіп те болмаған терең жаптың табанына секіріп түсті. Түскен бойдан, аялдамастан, пәлектерді ашып көре бастады.

Әр түп сайын, көкке тойған көгендеулі қозыдай, ондап тізіліп жатқан қауын. Сары ала, торы ала торламалар мен қара күләбі, қызыл кәләсандар. Бәрі «мені ал, мені ал» дегендей, көздің отын тартады.

Агроном олардың біресе санын санайды, біресе орнынан көтеріп, салмақтап көреді. Тіпті, көріп тояр емес.

Осындай салмақтау үстінде ол күтпеген оқиғаның үстінен шықты. Манадан Қайырбектің мазасын кетірген сырдың ұшығы да осында екен. Агрономның әрбір қимылын қас қақпай бағып тұрған ол «көрді!» деді ішінен.

Агроном бес-алты түптің қауынын қарап өтпей-ақ, үлкен бір сары торламаның үстінен шыққан еді. Торламаны, сірә, он кісі жеп тауыспас. Көзі қызығып кеткен ол әдеттегідей мұны да салмақтап көруді ойлады. Еңкейіп, екі қолымен оны көтеріп алды. Сол-ақ екен, кескіні өзгеріп, еңі бұзылып кетті.

Торламаны орнына қойған ол, былғанған қолын өзімен өкшелес келе жатқан Қайырбектің әкесіне көрсетті.

— Бұл не? — деді таңданған әкесі.

— Тәтті қауынды табудың сыры. «Жас агрономның» ісі. Өзім де осылай боларын сезгенмін, — деді агроном.

Әкесі сенбегендей, қауынға еңкейді. Шынында, қауынның астыңғы бүйіріне үш бұрышты шақпақ салынған еді. Сол жерден ауа еніп, қауын бұзылып, шіри бастаған.

Ол басын көтеріп алып, Қайырбекке қарады.

Бұл кезде Қайырбек жап шетінде тұрған. Әлгінің бәрін көрді. Істің насырға шабатынын да сезді. Әкесі оны жанына шақырған кезде, бойы дір ете түсті. Өңінде өзгеше құбылыстар пайда болды. Сезім тартысына түсті. Әйтседе, жалтарудың ретін таппай, аяғын сылбыр басып, әкесінің жанына келді.

— Мынау не?! — деді әкесі иістенген қауынды оның мұрнына тақай әкеліп. — Тәтті қауынды табу өнерің осындай ма еді?

— Мен білмедім, әйтпесе... білсем... — деді Қайырбек міңгірлеп.

Әкесі мен агроном басқа түптің қауындарын да қарай бастады. Қайырбектің қалтасында жүретін кішкентай шаппа пышаққа ілінген қауындар әр ұядан-ақ табылып қалды. Шетінен ірі қауындар. Бәрін бір жерге жинағанда, Қайырбек тіпті олардың санынан жаңылды.

— Қанша қауын қор болған, — деді агроном басын шайқап.



Әкесінде үн жоқ. Шамасы, өзінің Қайырбекті жер-көкке сыйғызбай мақтан ете сөйлеген сөздері үшін ұялып тұрғандай. Әлде, бала ісін бақылаусыз жібергеніне өкініп тұр ма? Әйтеуір, жүзінде күйзеліс мол. Қас-қабағы түйіліп кеткен.

Әрине, түнерген күннің түбінде бір дауылдатпай қалмасы белгілі. Қайырбек әкесінің үлкен жазаны кейінге сақтап қалғанын жақсы білді. Бірақ, оны дәл қазір әкесінің жазасы да, агрономның кекесінді кескіні де мазалап тұрған жоқ-ты. Бәрінен бұрын, ол оқудағы сүйікті анасының тәтті қауындар оқиғасын естігенде қандай күйге түсетінін ойлап қынжылды.

КӨКТЕМ

Табиғат өз заңынан жаңылмапты,
Нық басып келді де март дабыл қақты.
Сірескен қар мен мұзды дөңбекшітіп,
Берді де қатал әмір, қабылдатты.

Ой мен қыр, сай мен сала астан-кестен,
Көктемнің әсем қоңыр үнін естем.
Шыдамай отты, еңбек қызуына,
Ұлпа қар бейне ащы тер ақты төстен.

Бәйшешек мен мұндапап шықты қырға
— Ей, самал, тербе мені, — дейді, — ырға.
Қисын ба ол да өмірді, бір үймек қар,
Қалыпты жасырынып терең орға.

Қара жер сілкінді де, бойын жазып,
Жатыр бір жас сұлуша ерке наз ғып.
Күледі нұрын шашып алтын күн де,
Ежелден мен сендік деп қолын созып.

О. САБДЫБАЕВ.

АКТЕР

ӘҢГІМЕ

Кешқұрым болатын. Балпан әжей сиырының келген-келмегенін білейін деп далаға шығып еді, үйге қарай аласа бойлы, көзілдірікті біреудің келе жатқанын көрді. Әжей бейтаныс адамды күтіп қарап тұрып қалды. Оның өзі шокша сақалды, бойы шамадан тыс аласа адам екен. Қолтығында, ішіне қампита қағаз салынған, үлкен папкасы бар, оның өзі тым аласа бойына үйлеспейді. Үстіне киген таза, ақ костюмі денесіне қонықырамай тұр. Ол аяқтарыш маңғаздана, алшаң басады.

— Кешіріңіз, Байсал Алпамысов осында тұра ма? — деп сұрады бейтаныс адам.

— Осында тұрады.

— Мен сол кісі туралы газетке мақала жазбақшы болып келген тілші едім, Байсекеңнің өзі үйде ме екен? — деп ол тағы да ізетпен сұрақ қойды.

— Қазір үйде жоқ, бірақ көп кешікпей келіп те қалар, үйге кіріп күте тұрыңыз, — деді әжей қонағына жылы шырай көрсетіп.

— Шынында, күте тұрсам, күте тұрайын, менің бар жұмысымның өзі де Байсекеңе байланысты, — деп бейтаныс адам әжейдің сонынан ерді.

— Байсекең сағат нешеде келуші еді?

— Егер жұмысы көп болмаса, кешікпей келеді.

— Сіз Байсекеңнің қашаннан бері бригадир болып істейтінін білмейсіз бе?

— Соны өзінен сұрамасаңыз, анық білмеймін, — деп әжей тілшіні төргі бөлмеге

ертіп кірді. Бұл бөлмеде үлкен жазу столы тұратын. Мұнда әжейдің немересі Әлтай сабақ дайындаушы еді. Столдың үстінде қазір де оның бірнеше кітаптары жатыр.

— Немересіз бар ма, қалай! Мынау кімнің кітаптары? — деп бейтаныс адам кітаптарды аударыстырып көре бастады.

— Иә, немереміз бар, бесінші класта оқиды.

— Қазір қайда кеткен?

— Оның өзі тынымсыз бала, бүгін бір жерде ойын болады дей ме, әйтеуір, таңертең кеткеннен әлі жоқ, — деп әжей арғы ойын айтып ұлгермей-ақ, әлгі шокша сақалды, көзілдірікті тілші мырс етіп күліп жіберді де, далаға қарай шыға жөнелді. Әжей ешнәрсеге түсінбей, аңырып қалды. Мынадай сақалды адамның балаша ойнап кеткенін бұрын-соңды көрген емес-ті. Оның қалай қарай кеткенін байқайын деп әжей далаға шығып еді, әлгі адам көшенің басында қолындағы үлкен папкасын бұлғалаңдатып жүгіріп бара жатыр екен.

* *

*

Байсал карт пен әжей мектепке келгенде, жұрт жиналып қалыпты. Олар билеттерінде көрсетілген орындарға барып отырысты. Көп күттірген жоқ, ойын да басталып кетті.

— Әлтайжан да бар ма екен бұлардың ішінде, — деді әжей шыдамсызданып.

— Сабыр етсеңші, көресің ғой қазір.

Атай көзін сахнадан айырмайды.

Бір кезде шымылдық ашылды да, әлгіде әжейдің өзі көрген шокша сақалды, көзілдірікті тілші шықты.

— Жаным-ау, мынау жаңағы біздің үйден қашып кеткен адам ғой! — деді әжей таңданып.

— Сен ақылыңнан алжасқан боларсың, адамдар бір-біріне ұқсай бермей ме, — деді Байсал карт әжейдің сұрағына селқос жауап беріп.

— Жок, анық сол.

— Білгіштігіне болайын, Әлтайды танымаған, — деді карт немересін бұрын танып.

— Мәссаған! Әлгіде үйге барған өзіміздің Әлтайжан екен ғой, танысамшы оны! — деді әжей күлкіге булығып.



М. Жақыпов.



ӘНГІМЕ

Оқтай зулаған, жұдырықтай қатты кесек жағына сарт еткенде, Марфуғаның жан даусы шықты. «Ойбай, өлде... ем» деп шыңғырып отыра кетті. Біз қатты састық. Не істерімізді білмей қалшыып тұрып қалыппыз.

Марфуға басын лезде көтеріп алды.

— Бұзақы... бейбастақ! — деп маған жөп жіберердей өшіге қарап, жасқа булығып әрең сөйледі. — Тағы да мәз болады езі... бұзақы неме!..

Ол орнынан атып тұрды.

— Мұғалімге барып айтамын қазір... көрерсің енді, — деп ашу қысқан бойы кейін қарай жүгіре жөнелді. Біз оны тоқтатып үлгері алмай қалдық. Өзі аттыға жол, жаяуға сөз бермейтін, сайрап тұрған бір пәлекет еді. Өзіміздің алтыншы класс түгілі, бүкіл мектепте онымен сөзге пар түсер ешкім жоқ. «Бейбастақ... бұзақы... тәртіпсіз,» деген тұздығы ащы атауларды тізбектей ағылтып бара жатты.

— Енді бір шатақ болды, — деді Ермек қысылған түрмен маған қарап.

Оны өзім де сезгенмін. Соны растағандай болып, есіктен бірінші класс оқытушысы Ахметжан ағай көрінді.

— Жауаров, жүр бері, — деді маған.

Мен ол кісіге үнсіз ердім. Жүрегім лүпілдеді. Оқытушылар бөлмесіне енгенімде, көзіме бірден түскен Марфуға болды. Ол есікке жақын тұр екен. Бет-аузы долырған. Ықылық атып, өксіп-өксіп қояды, ала көзімен қарады. Аузын жыбырлатып бірдемелер айтты, бірақ естімедім, «қайбір мақтап тұр дейсің» — деп ойладым да, назар аударғам жоқ. Есі-дертім оқу ісінің меңгерушісі, қарт мұғалім Жарқын ағайда. Жарқын ағай үлкен денесінің бар салмағымен сол жағына аударылып, ағаш креслода шынтақтай отыр. Ашулы, қалың қабақтары түйіліп кетіпті.

— Бұзақылықты тағы бастадың ба?!

— Мен ешқандай бұзақылық жасағам жоқ, мұғалім, — дедім жасқаншақтасам да, адалымды айтып.

— Ешқандай, ия? — деп Жарқын ағай даусын қаттырақ шығарды.

— Жоқ, мұғалім, — деп жауап бердім, оң қолыма ұстаған малақайымды қайда сыйғызарымды білмей сол қолыма ауыстырып.

Жарқын ағай орнынан ұшып тұрды.

— Ой, ұятсыз сол, — деді зекіріп, — жағына өзі қойып қап, саған пәле жауып тұрған шығар? Біреуді өлтіре жаздасаң, ол сен үшін түк емес пе? Көзін шығарсаң қайтер ең?..

Қайтып үндеуге шамам келмей қалды. Шамасы, мені мойындамай тұр деп ойлауы тиіс, Жарқын ағай әдеттегі қаталдығына басып, жер жебіріме жетті. Малақайымның бауын жұлқылап, мұрнымды бырс-бырс тарта, төмен қарап тұра бердім. Жүрегім жарылардай боп кеудемді кернеп барады... Әйтеуір, бір кезде қоңырау даусы шығып, тынысым аз кеңіді-ау.

— Бар, сөйлесерміз кейін! — деді Жарқын ағай одан әрі ұстамай.

Мен бұрылып шығып жүре бердім. Коридорда Ермек күтіп тұр екен. Түсі қашыңқы. Иығы салбырап кетіпті.

— Неге айтпадың?.. Мен бәрін естідім, бірақ кіріп баруға бата алмадым, — деді менің алдымда өзін кінәлі санаған үнмен.

— Жарқын Омарович айтқыза қояр саған! — дедім. Сөйттім де, оны иығынан ұстай алып, бетіне қадала қарап: — Бәрі бір мен жазықты болдым, ендігі жерде де солай!.. Және әдемі соқтым, — деді тістене сөйлеп.

— Қалайша?! — деді ол түсіне алмай.

— Солайша.

— Жоқ, Серік, бұл адалдық емес. Болмайды, — деп көңісі келмеді.

— Ештеме етпейді... Енді жақсы ат алмай-ақ қойдым.

— Жоқ, олай емес, әлде де айту керек.

Мен ыза боп кеттім де:

— Саған келері жоқ қой, ендеше жап аузыңды! — дедім жеп жіберердей түтігіп.

— Не керегі бар сондайдың? — Ермек қарсыласа алмай қипалақтады. Іштей наразылығын танытып, жаман, қара пимасының тұмсығымен еденді сызғылады.

— Сенің шаруаң болмасын. Келістік пе? Жүр.

...Біз класқа кірдік.

— Сыбағаңды алдың ба, бәлем! — деді Марфуға мені бассап табалап. Ол дәттеткен екен бәрін. Балалар бізге тіксіне қарасты.

Ертеңінде күн сенбі еді. Сабақтан кейін класс жиналысы болды. Жарқын ағай өзі қатысып отырды. Алдымен сөз Марфуғаға тиді. Ол көрген жәбірін кешегіден де құбылта айтып берді... Оқу жылының басында мені бір рет сынапты, содан мен өшігулі екем. Кек алмақты ойлаппын. Аңдып тұрып, кесекпен ұрып, қаша жөнелмекші болғанымда, өзі көріп қалған.

— Өтірік! — деп шыдай алмай, Ермек орнынан атып тұрды. — Өтірік айтады, — деді ол тағы да даурыға сөйлеп.

— Саған келген сөз жоқ... Оны жақтайтыныңды бұрыннан білеміз, — деп жиналысты басқарып отырған староста Ғалым оған дүрсе қоя берді. Жарқын ағай да солай деді. Мен Ермекті етегінен тартып отырғызып, «кіріспе» дедім сыбырлап. Сөйлегендер мені бірі іреп, бірі сойып жатыр. Ал, маған іш тартқан біреулер «Мүмкін, абайсыздық шығар, соны білейік» деп көріп еді, «мен не десендер де мейілдерің», — деген оймен:

— Жоқ, әдейі соқтым, — деп ызаға булығып жауап берген соң, үндеспей қалды.

— Әне, айттым ба? — деп Марфуға да менің қайсарлығымды пайдалана қойды. Ендігі сөзді Ғалым алды. Кенеттен есік ашылды. Таупық ағай — класс жетекшіміз. Сырқаттанып жатқан болатын... Күні бойы қайсарлық билеп, жарылардай болып отырған жүрегім қобалжып, лүпілге ауысты.

— Сәлеметсіңдер ме, балалар! — деп басын изеп амандасқан Таупық ағай Жарқын ағаймен қатарласа отырды. Жүзі солғын, шаршаған адам тәрізді. Класс ішін ба-яу сүзген әдемі қара көздері маған келгенде, кідіріп қалды. Екі бетім ду етті. Арқам терлеп қоя берді. «Неге келді екен», — деп іштей таңдандым. «Енді бәрі бүлінді... Анығына жетпей бас салуды көрсететін едім бұларға... Қап!», — деп өкіндім. Өйткені, Таупық ағай істің байыбына жетпей тынбайды. Биязы даусы қашанда шындықтан бұлтартпайды. Жалғанды кешірмейді. Мектепке алғаш келген күннен-ақ шу шығаруды тәуір көретінімді аңғарып, қолына алған болатын. Ұрыспайды. Ақыл айтады. Соңысы үшін жақсы көріп кеткенмін де. Бес жыл бойы етегіме жабысқан ошағандай тентек атым біртеп жойылып, бетім кәдімгідей бері қарап үлгерген. Тек... мына тосын жағдай.

— Ия, жаңа жиналыс шақырғансыздар ма? — деді Таупық ағай шашын оң қолының алақанымен бірер сипап қойып.

— Е, мынаның (Жарқын ағай кеудеме нұқығандай қолын шошайтып маған нұсқады) кеше Қазбекованы ұрып тастағаны.

— Ім... м, — деді де қойды Таупық ағай, Марфуғаға қарап. Содан кейін Ғалымға:

— Ә... тоқтап қалдың ба?... Айта бер, — деді. Ғалым ортадан үзілген сөзін қайта жалғастырды. Ол тоқтаған соң, Таупық ағай тосыннан:

— Қазбекова, — деді Марфуғаға қарап. — Жауаров сені қалай ұрды?

Бұл сұраққа Марфуға сасып қалды.

— Таспен періп жіберді, — деді аузына түскенін айта салып.

— Таспен?!

— Жоқ... Жоқ... Қар тастай қатты екен, мұғалім, — деді Марфуға әбден абыржып.

— Бәсе, солай десейші... Ал, оның қалайша ұрғанын көрдің бе? — деп Таупық ағай оны сұрақтың астына алды.

— Байқамадым, мұғалім, — деп мүләйімсіді Марфуға.

— Іһім... онда, бәлкім, сені соққан Серік емес, басқа біреу, айталық, ана Ермек делік.



Оның да әдейілеп оқтанбауы. Осыған қалай қарар ең?

Денем шымыр етті. Көргені ме?! Әлде... Әлде... Ермек? Мен партаны шұқылап, шошақ танауын шуылдата тартып отырған жолдасыма қарап едім, ол көзін бұрып әкетті.

— Білмеймін,— деп Марфуға басын шайқады. Оның бағанағы қарқыны байқалмайды.— Әйтеуір Серік ұрды.

— hih... сөзің екі ұшты-ау, Қазбекова, ә? — Таупық ағай енді сөзін Жарқын ағайға арнады.— Жақа, осы жөнінде Ермек не айтар екен?.. Енді соны тындасақ қайтеді?..

Жарқын ағай қарсы болмаған соң, Ермек орнынан тұрды. Лүпілдеген жүрегі орнықтырғысы келгендей, көзін жыпылықтатып біраз тұрды. Маған қарамауға тырысты. Ал, менің көз алдыма осы оқиғаның көшегі басы елестеді:

Таупық ағай сырқаттанып жатқандықтан қазақ тілі сабағы өтпеді. Класта отырғанша, таза ауада бой сергітейін деп, Ермек екеуміз далаға шықтық. Мектеп ауласының алдындағы биік күртіктің үстінде тұрдық.

Кенеттен, ауланың оқшаулау ұзын қорасына бір сауысқан көп қона қалды. Бізге қарап асыға-үсіге былдырақтай жөнелді. Оны көрген Ермек жалма-жан еңкейіп, шеңгелдеп қар алып, домдай бастады.

— Әй, тигізе алмайсың,— деп ем,

— Көрерсің,— деді Ермек қарды күшпен сығымдай түсіп. Қарды әбден қатайтып, оң қолына ыңғайлап ұстап, сауысқанның бұрылуын аңдыды. Сауысқан бола қоятын қу ма, жағы сембестен өсекті соғып отыр. Арбасқандай бедірейіп, көзін аударар емес.

Сөйткенше, сақылықтай күлген біреудің коридорды бойлай шапшаң жүгіріп келе



жатқан аяқ дыбысы естілді. Сауысқан хауіптеніп жалтақтай бастады. Одан әрі күтпей, Ермек құлашын кере сілтеп жіберді. Сауысқан лып ете жөнелді. Мазақтағандай шықылықтап барады. Ермекті шамдандырмақ үшін мен де қарқылдай күлдім. Коридордың есігінен Марфуға да ытқып шыға келді...

Класс ішіне орнаған тыныштықты Жарқын ағай бірінші болып бұзды:

— Мұны кеше неге айтпадыңдар? Ауыздарыңды біреу буды ма?! — деді кейіп.

Марфуға көзі жыпылықтап, үндемеді. Ғалым алақтап, біресе Таупық ағайға, біресе Жарқын ағайға қарайды. Балалардың бірсыпырасы маған жылы шырай білдіреді. Ақталғаныма іштей қуанысатын болса керек.

Бұл арада Таупық ағайдың «қайсарлығым» үшін мені кінәлағанын, оған ұялып, кешірім сұрағанымды башайлап айтып жатпаймын.

Е. Мырзахметов.

Көкшетау қаласы.

ҚОЯН МЕН ТЫШҚАН

— Уа, Қоян ағай,
Хал қалай!

— Әй, бала-ай,
Халдың несің сұрайсың,
Айтсам өзің де жылайсың:
Артымда қуғын,
қашып келемін.

Пана таппай сасып келемін.
Қу құдай Қасқыр деген пәле берді,
Қомағай ғып құлқынын және берді.
Күндіз-түн маза жоқ,
Бір күні жаза боп
Тырнағында кетем бе!..

— Әй, Қасқырың өзіміздің Қасекең бе!
Жуас ол.

Қасекеңді біз де білеміз,
Дяғына оралып-ақ жүреміз,
Көзінше ойнап-күлеміз.
Бізге неге тимейді,
Ол, бірақ, қорқақты сүймейді.
Осы сендегі жүрек қайда,
Білек қайда!
Қасқырды бір көріп түсіпті еңсең
Не істер едің бір күні...
Мысықты көрсең!..

Б. ӘДЕТОВ.

КазГУ-дың студенті.



ШЕБЕР ҚОЛДАР

ОЧЕРК



Сентябрь қоңырауы соғылды. Оның шылдыры көпке дейін Талғаттың құлағынан кетпеді. Оның көз алдына өзінің осы қоңыраудың үнімен класқа тұңғыш кірген кезі елестеді. Сол қоңырау үні енді бүгін оны ұстаздық қылуға шақырып тұрған сияқты. Тұңғыш рет ол өзіне қадалған шәкірттердің көз жапарларын көрді.

Бәрі де жап-жас. Бәрінің де мойнында қызыл галстук. Бәрі де мектепте бұрын өтілмеген жаңа пәннің оқытушысы осы ма дегендей бұған танырқаса қарайды. Талғат журнал бойынша оқушыларды түгендеді. Оқушылар сабаққа түгел келген.

Ол оқушыларды көрнекі құралдармен таныстырды. Еңбек пәніне керекті оқу құралдарды атады. Балалардың бәрі де жаңа пәннің оқытушысын үнсіз тындап отыр.

— Біз бұдан былайғы сабақтардың барлығын арнаулы кабинетте өткіземіз. Яғни, қолмен жұмыс істейміз. Қане, кім айтады, іштерінде бұрын шеге жасап көргендерін бар ма? — деді Талғат оқушыларға сауал беріп. Ә дегенде ешкім жауап бере қойған жоқ.

— Сонымен шеге жасап көрген ешкім жоқ па?

Артқы партадан бір қол көтерілді.

— Иә, — деді Талғат, — алдымен дұрыстап танысайық. Фамилияңды айтып қой.

— Фамилиям — Оразалин, атым — Сағидолла. Мен шеге жасаған жоқпын. Бірақ, талай рет, көгершінге ұя жасадым, — деді ол күмілжім.

Балалар ду күлді. Бұл күлкіге Сағидолла алғаш түсінбей, ызаланып қалды. Бірнеше қол бір-ақ көтерілді.

— Сен тұра ғой, — деді Талғат алдыңғы партада отырған балаға.

— Фамилиям — Есейбаев, атым — Қобыланды, біздің класта қара торғай, көгершін ұяларын жасамаған бала кемде-кем екенін айтқым келіп еді.

Балалардың ду күлкісінің мәнін Талғат енді барып түсінді.

«Мұндай балалармен жұмыс істеу қиын емес секілді. Бәрі де үйретсен, үйренеміз деп тұр ғой, әттең...» — деп ойлады Талғат. Оның «әттенінде» үлкен сыр бар еді. Мектептің оқу мастерскойы әлі жабдықталған

жоқ-ты. Сол жай жас ұстазды қатты ойландырды. Қоңырау соғылып үзіліске шыққанда, Талғат кластан жадырап шықты.

Балалармен сырласу оған бір түрлі қызықты болып көрінді.

...Слесарьлық мастерскойдың ішінде жұмыс қызу жүріп жатыр. 6-б класының барлық оқушылары бұл күндерде еңбек сабағына ден қоя бастаған. Токарьлық станоктар жүріп тұр. Темірдің шықылдаған үніне құлақ тұнады.

Бір топ бала шеге жасаса, енді бір тобы кілт жасап жатыр. Бәрі де өз қолдарындағы ұста құралдарымен ғана сырласқандай. Талғат шәкірттерінің қолынан шыққан шегелер мен кілттердің сапасын көріп күлімдей түседі.

Сағидолла шеге, кілттерді алғашқы сабақтарда-ақ жақсы жасап, енді сүргі жасауға кіріскен. Осы бір қауырт қарбаласты Бажраев Есенкелдінің:

— Сағидолла, қолың қанап бара жатыр ғой, — деген даусы кілт тоқтатты. Сағидолла сүргіні жасап бітуге жақын қалған болатын. Бір кезде оқыс қимылдан қолы тайып кетті де, өткір алмас алақанын орып жіберді. Алақанынан шапшыған қанды ол ұстазынан да, достарынан да жасырғысы келді. Бірақ, кесілген еттен атқылаған қан стол үстіне шашырады. Қасындары досының бұл күйін көрген Есенкелді сасқанынан айқай салды. Талғат шәкірттерін шошытқысы келмей, дереу дәкемен Сағидолланың қолын танды, бірақ қан тоқтамады. Істің қиынға айналарын сезген Талғат телефон соқты да, ауруханадан жедел көмек сұрады. Лезде машина да келді. Сағидолла ауруханаға түсті. Шәкіртімен бірге барған Талғат оның дәкемен танылған қолына қарап тұрды:

— Ешнәрсе емес, кешікпей бітім кетеді, — деді. Анау да езу тартып:

— Талғат ағай, қорықпай-ақ қойыңыздар, менің өзімнен болды, — деді.

Ауруханадан шыққанда жас ұстаздың көңілі қатты жүдеді. «Қап, сүргі жасауға әлі ертерек еді, асығыстық еттім» — деп өкінді ол ішінен.

...1957 жылдың июнь айы. Оқушылар жазғы емтихандарын тапсырып, демалысқа шығып жатқан кез. Бірақ, бәрі де Ақтөбе-

ден кеткісі келмейді. Мектепке асыл бір нәрселерін қалдырғандай, қарайлай береді. Бұл қарайласта үлкен мән бар еді. Өйткені, таяу күндерде облыс мектептерінің жас шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдардың көрмесі ашылмақ. Сол көрмеде әркім өз өнерінің бағасын естімек. Міне, сол күн де жетті.


Қалалық мәдениет үйіне келушілер бүгін тіпті көбейіп кетті. Аудандардан келген оқушылар қаншама. Үлкен залдың төрт қабырғасына ұзыннан-ұзақ қойылған столдардың үстінде балға да, балта да, шеге де, сүргі де, кілт те, қысқаш та көп. Осы бұйымдардың әрқайсысының қатарында тілдей қағаздар жатыр. Онда бұйымды жасаған оқушының аты мен фамилиясы, мектебі, оқитын класы жазылған.

Міне, залдың кіре берісінде оң жақтағы стол үстінде сүргі жатыр. Сүргінің жанындағы тілдей қағазда: «Ақтөбе қаласындағы Талғат Бигелдинов атындағы қазақ орта мектебінің 7-б класының оқушысы Оразалиннің жұмысы», — деп жазылған.

Залдың орта шенінде үлкен жұмыс столы тұр. Бейне магазиннен жана сатылып алынған стол сияқты. Стол үстіндегі қағазда «7-б класының оқушысы Есенбаев Қобыландының жұмысы» — деген жазу бар. Сол столдың үстінде жана орындық тұр. Оның иесі — сол 7-б класының оқушысы Рая Бегімова. Өздері жасаған дүниелердің облыстық ауылшаруашылық көрмесінде тұрғаны Сағидолланы да, Раяны да, Қобыландыны да қатты қуантты. Олар мәдениет үйінен жүгіре шығып, мектепке қарай тартты. Мектепке жақындап қалғандарында алдарынан еңбек пәнінің оқытушысы Шаригин Талғат кездесті. Үшеуі де тоқтай қалып:



Еңбек пәнінің оқытушысы Талғат Шаригиннің жас шеберлермен бірге мастерскойда жұмыс істеп тұрған кезі.



Шебер қолдардың жұмысы.

— Ағай, біз көрмеден келеміз, — десті бір ауыздан.

— Қалай, көрмедегі заттар сендерге ұнады ма? — деп күлді Талғат.

— Онда жақсы нәрселер бар екен, — деді Сағидолла да күле жауап беріп.

— Сүргі қалай екен? — деп қалжыңдады Талғат, өткен жылғы Сағидолланың қолын кесіп алғанын есіне түсіріп. Сағидолла бұған мырс етіп күліп жіберді.

— Ал, балалар, мен сендерді тағы қуантайын, — деді Талғат бұрынғысынан бетер күлімдеп.

— Немен? — деді Рая.

— Немен екенін өздерің табыңдар?

— Айтыңызшы, ағай? — деді Қобыланды қиылып.

— Политехникалық сабақты жақсы жүргізгеніміз үшін біздің мектепті қалалық оқу бөлімі құрмет грамотасымен наградтады. Бірнеше оқушыларға сыйлық берілетін болды...

Олар, бәрі қосылып қайтадан Мәдениет үйіне қарай аяңдады. Балалар өздерінің жасаған бұйымдарын қайта-қайта көре бергісі келді.

Көрмеге мектептің барлық мұғалімдері түгел келіпті. Тіпті, директор апайдың өзі де жүр. Талғат шәкірттерімен Мәдениет үйіне кіргенде, директор оған қарсы жүрді. Анадайдан-ақ қуанышты дауыспен:

— Талғат, сені табысыңмен құттықтаймын. Шәкірттеріңнің өнері арта берсін! — деді.

— Рахмет! — деді Талғат директорға қолын беріп жатып.

— Рахмет! — деді оқушылар да жымыш.

Т. Молдағалиев.

Ақтөбе қаласы, Талғат Бигелдинов атындағы қазақ орта мектебі.



Майлин Бейімбет.

Өтірік

Баяғыда салтанатты,
Сауықшыл бір хан болыпты.
Ойын-тойдан қызғылықты
Көре келген хан көпті.

Бәрінен де көре-көре
Жиренген соң, сілтеп қол,
Өзінше бір ғажап істі
Ойлап-ойлап тауыпты ол.

Уәзірлерін жиып алып,
Жұртқа бұйрық таратқан:
— Болса түпсіз өтірікші
Жұртты аузына қаратқан.

Келсін бәрі, көрсін менің
Ойынымның қызығын.
Келген жұртқа — шаршы топқа
Көрсететін қызығым:

Айтса олар бір өтірік,
«Рас» десем, шын болар.
Алдай алмай, арбай алмай,
Өтірікші мұң болар.

Мен «өтірік», десем егер,
Өтірікші жеңгені.
Бір көзе алтын бәйгесіне
Ханыңыздың бергені!..

Алтын алмақ, байып қалмақ,
Жұрт кәсіптен түңіліп,
Алып хабар жинайды олар
Өтірікті жүгіріп.

Кәрі қария, жас бала да
Ешбірі де қалмайды.
Сөз сынасып, жөн сұрасып,
Бірін-бірі алдайды.

Бәрінің де есі-дерті
Бір көзе алтын бәйгеде,
«Алсам...» деген үмітпенен
Келді бәрі бәйгеге.

Қалың топты-қарашысын
Сүйінеді хан көріп.
Негер сонда, қылыш қолда,
Шықты, ортаға сәнденіп.

Майдан жерге алтын тағып
Орнатады биікке.
— Кәне, — деді, — бұйрық берді.
Хан отырып биікте.



БӘЙГЕ



ЕРТЕГІ

Қаз мойынды, мыс көзенің
Іші толған сары алтын.
«Мен алсам! — деп, — мен
алсам!» — деп,
Жұрттың ойы бәрі — алтын.

Хан әмірі шығысымен
Өтірікші таласты.
«Мен ұйттім, — деп, — мен
бұйттім» — деп,
Бәрі де айтып қарасты.

Хан жауапты дысқа береді:
— Бәрі де рас, нанамын...
Лек-лек болған өтірікші
Тұжырып таудай талабын.

Шықты бәрі үміт үзіп,
Көзе толған алтыннан.
Атақ алған қуларыңның
Жоқ біреуі артылған.

Бір таз бала үсті дал-дұл
Келді ханшын алдына.
Өтірігін айтты ретпен,
Рұқсат сурап алды да.

Өтірігі өте жоқ қын,
Жас бала да нанғызып.
Алтын қимай «рас» дейді,
Ұяты жоқ хан арсыз.

Шаршамады, алмады да,
Түйдектетті таз бала:
— Келді есіме бір оқиға,
Сабыр ет, хан аз ғана.

Баяғыда, бала күнім...
Жер де жан берілген,

Зәуре сұлу жерде онда,
Ай Зәуреден нұр алған.

Көктің жүзі тебінгідей,
Тау менен тас жоқ еді.
Жер жүзінің бәрі қазақ,
Мал менен жан көп еді.

Бала күнім... Шықтым қырға,
Жидек, шие тергелі.
Бір топ бұқа гүрілдесіп,
Тіпті маза бермеді.

Бағып жүрген бір кәрі шал,
Маңқасы аққан мұрнынан
Үсті дал-дұл, көзі соқыр,
Жап шошырлық формынан.

Торғайдай бит жыбыр-жыбыр,
Бірі кіріп, бірі шығад.
Бей берекет маңқасынан
Шалдың өзі тұншығад.

Ерні жалақ, жалаң аяқ,
Қисық таяқ қолында.
Ақсай басып, асып-сасып,
Бұқаның жүр соңында.

Тақсыр ханым! Білесіз бе,
Сол жаман шал кім еді?!..
— Жоқ, білмеймін... Ал, айта
бой! —
Басқа ешнәрсе демеді.

— Білмесеніз, мен айтайын,
Шалдың жөні-жосығын:
Сол шал сіздің әкеніз еді,
Рас па хан осыным?

«Рас» десеніз, маңқа шалдың
Сізге әке болғаны.
Көпбесеніз «өтірік» деп,
Алтынды таз алғаны...

Хан шошынды, жиіркеніп,
«Рас» деуге болмады.
«Өтірік» деп айтып салды,
Тазды құдай ондады.

Қаз мойынды мыс көзенің
Іші толған сары алтын.
Аз ғана айтқан өтірікке —
Алғанының бәрі алтын...





Николай Вирта.

ОЛАРДЫҢ АДАЛДЫҒЫ

Еліміздің көрнекті жазушыларының бірі Николай Вирта биыл Қазақстанға келіп, оның тың жерлерін аралады. Қостанайдың тың игеруші ерлерінің өмірімен, тұрмысымен танысты. Тыңдағы жаңа салынған құрылыстарды, жаңа мектептерді көрді.

Жазушы осы сапарда алған әсеріне байланысты, қазақ балаларының өмірінен кітап жазатындығын білдірді.

Николай Вирта «Пионер» журналына «Олардың адалдығы» деген тақырыпта балаларға арнап жазған бірнеше қысқа әңгімелерін берді. Ол әңгімелерді біз осы номерден бастап жариялай бастаймыз.

1. БАТАРЕЯДАҒЫ БҰҒЫ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Мен Гаврюшка деген бұғымен соғыстың алғашқы жылында таныстым. Бұл танысу Солтүстік майданда, Кольскі шығанағының жанында, Мурманскі қаласының түбінде болған еді.

Август айының ішінде, әлдеқалай зенит батареясына бара қалдым. Күн ашық, маужырап тұр. Ол жерлерде мұндай күн сирек болады. Өйткені, Мурманскі Поляр шеңберінің сыртында, Солтүстік теңіздің дәл жағасында жатыр ғой.

Бұл қаланы картадан іздеп табыңдаршы... Алыс екені рас емес пе!

Зенит батареясы бір аласа таудың үстіне орналасқан екен. Ол жерде мұндай тауларды төбе деп атайды. Ал, әскерлер оны «биіктік» деп атады.

Армия штабының картасында батареяның тұрған жері 101,8 биіктігі деп аталды. Зенитшілер Мурманскіні фашист бомбардировщиктерінен қорғап тұрды. Олар қалаға өте жиі, күн сайын дерлік, ұшып келетін. Фашистердің мақсаты Солтүстік теңізден кемелер қабылдайтын бұл портты тапқандау болды. Кольскі шығанағы қыста да қатпайды. Оған соғыс кезінде де, қазірде де көп елдердің кемелері қай мерзімде болсын, келіп-кетіп тұрады. Фашистер, әсіресе, Мурманскіге қарай ұмтылды. Соғыс кезінде онда Армия штабы орналасқан еді, ол Кольскі жарты аралы үшін аянбай апысты.

Алайда, зенитшілер фашист самолеттерін қалаға жөнді дарытпады. Ал, мен барып, Гаврюшкамен танысқан зенит батареясы ішіндегі ең тәуірі еді. Оған менің баруым да сол себептен болатын. Көптеген жау самолеттерін атып түсірген батыр артиллеристер туралы газетке менің жазуым керек болды.

Батарея командирімен танысқан соң, мен бір зеңбіректен екіншісіне барып, жауынгерлермен сөйлес-

тім. Олар маған әртүрлі қызықты жайларды айтып берді. Сөйтіп жүргенде, бір зеңбірен тұрған жықпылдың ішінен мен бір бұғыны көрдім. Зеңбіректің өңеші төмен түсіріліп қойылған екен, әлгі бұғы соған біресе ол жақ бүйірін, біресе бұл жақ бүйірін тосып, жайымен қасынып тұр.

Ол үлкен, сұлу еркек бұғы екен. Қоңырқай-сұр терісі күнге шағылысып жылт-жылт етеді. Тармақ мүйіздері басында шаңырақтай боп тұр.

Қысқасы, бұғы өте маңғаз көрінді. Ол маған тіпті қараған да жоқ. Әскери формалы адамдарға үйреніп кетсе керек.

Мен жақындап қасына келдім. Ақыры, бұғы зер салып қарады да, маған қарай тұмсығын созды. Өзі маңғазсып тұрғанымен, бұғының тұмсығы сүп-сүйкімді көрінді. Оның бір нәрсе дәмеп тұрғанын мен бірден сезе қойдым. Жол дорбамда бірнеше шоколадым бар еді. Соның бірін алдым да, бір шетінен сындырып, бұғыға ұсындым. Ол әуелі шоколадты искеп тұрды да, сонан соң дымқыл сулы ерінімен шоколадты ептеп қана алып, шайнай бастады.

Шоколад оған ұнап қалған сияқты. Менің жаңағы бергенімді қағып салып, бұғы тағы маған тұмсығын созды. Мен күліп кейін қарай шегініп кетіп ем, бұғы соңымнан қалсайшы. Оның тағы да шоколад дәмеп келе жатқаны белгілі. Мен оған тағы да бір түйір шоколад бердім.

Сол күннен бастап біз екеуміз дос болдық. Бұғы мені көрсе-ақ қасыма жүгіріп жетіп келеді де, тұмсығын жол дорбама созады. Бірақ, кешікпей шоколадтан ада болдым. Сондықтан, бір жолы мен бұғыға сухарь бердім. Ол оны алып жеді де, бір түрлі қатты ренжігендей кейіп көрсетті. Маған теріс айналып жақтырмағандай мүйізін шайқап кете барды.

Содан бастап менің соңымнан жүруін қойды.

Батарей командирі маған бұғының жайын әңгіме қылды.

101,8 биіктігіне зенитшілер келген соң бес күн өтсе керек, сақшы таңертең ерте соқпақпен бір бұғының төбеге өрлеп шығып көле жатқанын көреді. Ол сол жерде-ақ шақырусыз қонақтың келгенін дереу командирге мәлімдейді. Командир келсе, солдаттардың бір бұғыны қаумалап қоршап тұрғанын көреді. Солдаттар әзіл-қалжың айтып, күлісіп тұр, ал бұғы оларға мейірлене қарап, шолтиған шолақ құйрығын былғаладатып қояды.

Командир зенитшілерге бұғы бөгет жасар деп ойлап, оны төбеден орман қуып тастаңдар деп бұйрық береді.

Бұл мейірімді, сүйкімді жануарды солдаттардың құғысы келмейді. Өйткені, ит болсын, мысық болсын, тірі хайуанның қайсысы болсын еркелеп өздеріне жабысса, әскерлердің жақсы көретін әдеті ғой. Ал, сол майдағанның бір ротасынан мен бір еліктің пағын да көргенім бар-ды.

Дегенмен, бұйрықтың аты бұйрық. Солдаттар бұғыны соқпаққа қарай қайта құа бастайды. Бірақ, бұғының кеткісі келмейті, қаққан қазықтай қалшып қапты. Солдаттар оны орнынан қозғау үшін итермелей бастайды. Онымен де болмайды. Бұғы өте қайсар екен. Алдыңғы аяқтарын жерге қадап алған, қозғапту мүмкін емес. Ақырын айтып, алдаса да, итермелесе де, ол бірін керек қылмапты.

Қиыр Солтүстік тайгада тұратын бір солдат жолдастарына бұл, мүмкін, асыранды бұғы шығар дегенді айтыпты.

— Иесінен адасып қалып осында келген шығар. Мүмкін, адамды сағынған болар,— депті солдат.

Әрине, түптеп келгенде, бұғыны қуып жіберген болар еді, бірақ осы кезде әскери тревога беріледі. Фашистер Мурманскиге ұшып келеді екен. Зенитшілер бұғыны тастай беріп, зеңбіректерге жүгіреді.

Он минут өтпей жатып жау бомбардировщиктері 101,8 биіктігінің үстіне ұшып келіп те қалады. Гүрс-гүрс атыс басталады. Зенитшілер самолетті көздесе, самолеттер жоғарыдан зеңбіректен оқ атып, бомба тастайды.

Батарей командирі қызу ұрыспен жүріп бұғыны ұмытып кетеді. Кенат ол бір кезде бұғы тұрған жаққа көз салған екен, қайран қалыпты. Бұғы қаперсіз, оттап жүр, шыбын-шіркейден мазасы кетіп, басын сілкіп, артқы аяқтарымен тепкіленіп қояды.

Ол маңайында болып жатқан оқиғаларға мүлде жайбарақат, самарқау қарайды. Бомбалардың түсіп жарылуы, зеңбіректердің гүрс-гүрс атылуы оған тиіті әсер етер емес.

— Бұл несі, мынау саңырау емес пе екені! — деп ойлапты командир.

Жоқ, бұғы саңырау емес екен. Биіктікке таяу бір бомба түсіп жарылғанда, ол басын көтеріп алып, тыңдап тұра қалады, сонан соң қайтадан шөп жұлып жеп, шыбын-шіркейлерді құа бастайды.

Бұғының батырлығы капитанға ұнап қалса керек, ол оны батареяда қалдыруға рұқсат өтіпті.

Сол кезде солдаттардың қуанғанын айтсаңшы!

Олар бұғыға қолдарына ие түссе, соны берді, бұғы да оның бәрін талғаусыз жеп апатын болды. Ол тек ет пен бапықты ғана жемейтін. Асылы, шөпқоректілер ет жемейді, ал бұғы болса, осы шөпқоректі жануарларға жатады.

Бұғы батареяға тез үйреніп кетті, оның зенитшілерге ешқандай бөгеті болмайтынына командирдің көзі жетті. Қайта, бұғы оларға көңілді болды. Бұғыны Гаврюшка деп кімнің атағаны белгісіз. Ол кешікпей осы жаңа койылған атқа үйреніп, шақырсаң, жетіп келетін болды.

Солдаттардың ішінде оның жақсы көретін де, оша тәуір көрмейтін де адамы болды. Гаврюшка өресе, өзін асыранды бұғы деп айтқан солдатқа үй болды. Бұл түсінікті еді: өйткені, ол солдат бұғы бұғуды білетін. Соғыстан бұрын тайгадағы өз қолхында ол бұғы өсірген. Ол бұл жануарларды жақсы көруші еді, сондықтан Гаврюшканы ыждағаттап күтті. Оның үстін тазартып тұрды, нан болсын, қант болсын екеуі бөлісіп жеді.

Гаврюшка командирден сескенуші еді. Мүмкін ол бұл адам қандай бұйрық берсе де ерікті, ол басқа адамдар мүлтіксіз орындауға тиіс деп ұғынғаны шығар. Ол шынында да солай ғой. Әскер тәртібін сөйтуге тиіс те. Бұғы командирдің көзіне қайтса, жөнді көрінбеуге тырысты. Бірақ, командир онымыз баяғыда-ақ татуласып кеткен еді, кездескенде оған кейде шоколад, кейде конфет беретін.

* *

*

Гаврюшканың естігіштігі тіпті бұғылардың өзіндей сирек кездесуші еді. Өйткені, бұл жануарлар өзіне саққұлақ қой. Солдаттар Гаврюшкаға үйреніп, оның әдет-қылықтарын білген кезде, олар ұрыс кезінде онда әртүрлі мінездер болатынын аңғара бастады.

Атыс басталды дегенше, ол өзінің ең жақсы көретін солдаты тұрған зеңбіректің қасына жүгіріп баратын. Баратын да, зеңбіректің қасында шөп жұлып немесе жай күйіс қайырып тұра беретін, ал өзі қолы бір етпейтін, тек досының өз орнында бар-жоғына бақыпайтын.

— Қызық! — дейтін солдаттар күліп. — Біз Гаврюшка ұрыстан қорықпаса да, бірақ, дегенмен досының жанында тұрғанда, ештеңеден саспайды.

Оқу-үйрену сабақтары кезінде Гаврюшка солдаттардың ойын бөліп бөгет жасамау үшін шеттеңкірет кететін.

Мұнан кейін жауынгерлер оның басқа да қылықтарын аңғара бастады.

Мінекей, күн шықты. Түнде жатып дем алғанда Гаврюшка енді жер үйдің бірінен соң біріне кіріп бір үзім нан ба керек, басқа ма керек, әйтеуір солдаттардың бергенін жеп, енді шөп жұлуға кіріс





Сонан соң кенет басын жерден көтеріп алды да, танауын пысылдатып, ауаны искеп, тұяғымен жер тартты, сол кезде көздері қанталап кетіпті.

— Гаврюшкаға не болған! Ол неге бүйтіп тықыршып тұр! — деп жауынгерлер әуелі бұған таң қалысты.

Біраз уақыт өткен соң жауынгерлер мұның бар мәнісін білді. Бұғының тұмсығын көкке көтеріп, аяғымен жер тепкілеуі мұң екен, арада он минут өтпей жатып, бақылаушылар фашист ұшқыштарының жақындап келіп қалғанын хабарлады. Іле тревога берілді.

Мұның құпия сыры жоқ екен. Гаврюшка өзінің саңқұлақтығымен, тревога берілмес бұрын-ақ, мотор гүрілін естіп қояды екен.

Түнде Гаврюшка өзінің досы жататын жер үйдің қасында болады. Бірақ, фашистер түнде де әуе шабуылын жасап жүрді. Ондай кезде Гаврюшка жаудың жақындап келе жатқанын сезіп, орнынан атып тұратын да, тұяғымен қатты-қатты жер тартты, жауынгерлер оянып, зеңбіректеріне жүгіріп барғанша, ол тыпыршуын қоймайтын. Әрине, Гаврюшка оларды көбінесе алдап та қоятын, өйткені, бұл арадан кейде біздің өз самолеттеріміз де ұшып өтетін, оның айырмашылығын ол біле бермейтін.

Сөйтіп, Гаврюшка батареяның жақсы ермегі болумен қатар, оның жауынгер досы да болды. Жаудың ұшып келе жатқанын, оның жақындап қалғанын ол әрдайым зенитшілерге айна-қатесіз сездіріп тұратын.

* *
*

Солдаттардың демалысы кезінде Гаврюшка олармен ойнауды сүйетін. Солдаттардың біреуі бұғының қасына келіп:

— Гаврюшка — ақымақ! Гаврюшка — ақымақ! — деп оны мазақтай бастады.

Сол кезде бұғы оған қатты ашуланғандай түр көрсетті де, сүзетіндей боп еңкейіп солдатқа тұра ұмтылды. Солдаттар шексіздері қатып, жан-жаққа бытырай қашты. Гаврюшка олардың біреуін қуып жетті, солдат әдейі жығылып қалған боп жатыр еді. Бұғы оны ақырын жай түртпектеп жатыр. Өйткені, ол ойынды білетін, ешуақытта өзінің достарының етін ауыртпайтын.

Гаврюшканы мұндай ойынға да, басқа да қызықты ермектерге де солдат досы үйрететін. Мәселен, Гаврюшка өлген боп өтірік сұлай кететін, солдат жат деп бұйырса, жата кетіп, тұр десе, түрегедетін. Кей кезде оны қаншама әурелегенмен, құлқы соқпаға, есте ойнамайтын. Жұрттың айқай-ұйқайына, күлкісіне құлақ та аспай, төбеде шөп жұлып жеп жүре беретін.

— Гаврюшка бүгін ашулы, шамасы, оның ұйқысы қанбаған сияқты, — деп қалжыңдайтын солдаттар ондай кезде.

Гаврюшка зеңбіректің өңешіне сүйкеліп қасынып тұруды сүйетін, ол егер құлағының сыртын немесе қарнын сипасаң, онда тіпті жаны кіреді. Адамның жұмсақ қолы тисе, жақсы көретін: өйткені кездерде, қыбыр етпей қалшып тұратын.

Мен батареяда болған кезде солдаттарға Мурманскі театрының артистері қонаққа келді. Олар сонда концерт берді. Сондағы Гаврюшканың қызығын айтсаңшы!

Солдаттардың артында тұрып, ол да концерт тыңдады. Оның әсіресе ұнатқаны скрипканың үні болды. Скрипкашының тартқанын оның бар зейінімен тыңдағаны соншалық, күйіс қайыруын да, өзін жеген шыбын-шіркейді де ұмытып, елең қылмады. Кейде ол артистердің өнеріне таң қалғандай, мүйізін шайқап қояды. Ал, бұған артистер қайран қалды. Өйткені, олардың қойған концертіне өмірі бұғы қатысып көрген жоқ қой!

...Гаврюшканың кейде батареядан зым-зия кетіп қалып, қайда екені белгісіз, бір жеті бойы жоғалып та кететін кезі болушы еді. Мүмкін, ол оты мол болған соң төмен түсіп алқапқа баратын шығар. Мүмкін, ол жерде оның бір шаруасы болар. Әйтеуір, кетіп қалып, артынан түк көрмегендей боп қайтып келетін де, бірдеңе дәмтететін.

Тәттіге әуес еді ол, Гаврюшка!

* *
*

101,8 биіктігінде мен бес күндей болдым. Ал, сонан соң бір айдан кейін мен майданнан қайтып келе жатып, зенитші достарға соға кеткім (және Гаврюшкамен ойнай кеткім) келді.

Өзіме таныс соқпақпен жүріп, биіктікке шығып ем, қайран қалдым: батарея ол орнынан көшіп кетіпті, жалғыз-ақ жабырқап Гаврюшка ғана кезіп жүр. Ол жерді искеп, тіксіне тың тыңдап, қатты күрсініп қояды.



АСПАЛЫ БЕСІК

Көзінің бақыраюын. Ұйықтамайды ғой өзі. Қозғай-қозғай қолым талды. Сәл тербетпесен, ынылдап қоя береді. Оның үстіне: «Қолым тимей жатқанда жәрдемдескенің қайда» — деп мамам сөйлейді бір жағымнан.

Қалай ұйықтасын, қол-аяғын тас қылып буып тастапты. Бесікке бөлеп керегі не екен осы? Бесіксіз-ақ ұйықтауға болмай ма екен? Менің аяғымның маймақ болғаны осы бесікке дұрыс бөлемегеннен дейді ғой папам. Жүргенде ұяламын. Балалар мені: «маймақ» — деп мазақтайды. Мейлі айта берсін. Мені олар жетелеп жүрген жоқ қой.

Түскі тамақты ішіп болғаннан кейін мамам бөлемді емізіп болды да:

— Ал, ақырындап тербет, қазір ұйықтап қалады, — деді. Үйдің іші салқындау, тоңып қалар дегендей бесіктің үстіне екі көрпені қабаттап жапты да, жұмысына кетті.

Көп тербеттім. Ұйықтады-ау! Мен енді өз жөніммен ойнай бердім. Жарым сағат өткеннен кейін мамам телефон соғып:

— Бөпең жылаған жоқ па? — деп сұрап еді, мен:

— Жоқ, — деп жауап бердім.

Күнде осы мезгілдердің ішінде дамыл-дамыл оянатын еді. Бүгін көп ұйықтауым! Арада біраз уақыт өтті. Күн екіндіге таянды. Мамам да жұмыстан келді.

— Әлі оянған жоқ па? — деп сұрады шешініп жатып.

— Оянған жоқ, — дедім мен.

— Бұл неге оянбайды, — деп көрпесін ашып қарады да, мамам отыра кетті. Мен де қорқып кеттім. Бөлемнің түсі бозарып кетіпті, өзі әбден терлеген. Мамам тез шешіп, алдына алып, бірнеше жанашыр сөздерді емірене айтып еді, бөпе оған қозғалмады. Мамамның көзінен жас атып кетті. Тез орнынан тұрды да, телефонды асығыс бұрай бастады.

— Мама, бөпе неғылған? — деп сұрап едім, жыламсырап:

— Тұншығып қалыпты! — деді зілді дауыспен. Мен жылап қоя бердім.

— Қой, жылама. Дәрігер шақырдым, қазір тәуір болады деп мамам мені жұбата бастады.

Көп кешікпей-ақ аула ішінде машина гүрете қалды. Қолдарында кішкентай чемодандары бар екі кісі үйге кіріп келді. Шешініп жатып кәдуілгі таныс адамдай:

— Қалай, тәуір ме? — деп бөпеменің жайын сұраумен болды. Бөпеменің кеудесін, арқасын тындап көрді.

— Талып кеткен екен, қазір тәуір болады, — деп қуанып қойды. Әншейінде бесігін тербетпесен де, бақырып қоя беретін еді, енді неге жыламайды екен деп ойлаймын мен. Аздап кейін бөпе көзін ашты. Демін алды. Біз қуанысып қалдық. Сөйтіп тұрғанда папам да келді. Қонақтар бізбен қоштасты да, кетіп қалды. Мамам оларға рақмет жаудырып қала берді.

Бөпе емшек емді. Бірте-бірте көңілдене, сауыға түсті.

Бұл оқиға болмастан бұрын әлденеше рет аспалы бесік алу туралы папам мамама ескерткен еді. Мамамның өзі ғой көнбеген. Жанағы қонақтардың да сөзі осы аспалы бесік жайлы болды.

— Жарайды, жарайды, — деп мамам басын изей берді оларға. — Қазір түн ғой. Таң атысымен ол бесікті де аламыз!

Келесі күні аспалы бесік сатып алдық. Міне, бөпе аспалы бесікте қолын аузына салып, аяқтарын ербендете қимылдатып ойнап жатыр. Қандай рахат! — Анда-санда бір қозғап қойып ойнай бересің. Аспалы бесік өзінің екпінімен тербеліп тұра береді.

А. Сарбопин.

Ырғыз ауданы.

Мен батареяның басқа бір жаққа көшіп кеткенін сездім. Бірақ, солдаттардың Гаврюшканы неге өздерімен бірге ала кетпегендеріне көзім жетпеді. Бұғыны қатты аяп кеттім, бірақ, не керек, қолдан келер көмек жоқ.

Артынан батареяны қай жерге көшіргенін сұрап білдім де, Гаврюшканың жайын сұрайын деп таныс зенитшілерге соқтым.

Төбенің басына шыға келгенде, менің ең алдымен көзіме түскені бұғының өзі болды!

Сұрап білсем, командир батареяны майдан шебіне таяу көшіру жайлы бұйрықты алған кезде, Гаврюшка алқапқа жайылып кетсе керек. Солдаттар 101,8 биіктігінің маңын түгел шарлап, бұғыны іздеп таба алмапты.

Сонымен батарея кетіп қалады. Солдаттар қатты ұайымдайды. Өйткені, олар Гаврюшкаға мейлінше үйреніп қалды ғой!

Арада бірнеше күндер өтеді. Бір күні таңертең Гаврюшканың досы жер үйден тысқа шыққан екен, бұғыға тап болыпты. Ол ұзақ, ауыр жол жүріп, қалжырап шаршағаннан, тастай қатып ұйықтап жатыр.

Өзің бар да, достарыңды ізімен іздеп тауып көрші! Ол әрине, оңай емес!

Ой, бұғыны қайта көргенде, зенитшілердің қуанығын айтсаңшы!

Сонан кейін мені басқа жерге жіберіп қойды, сондықтан Гаврюшканың не болғанын білмеймін. Мүмкін, оны соғыстан кейін, бұғының өзі бәрінен де жақсы көретін баяғы дос солдаты алып кеткен болар...

Менмен балапан



(МЫСАЛ ӘНГІМЕ)

Екі балапан әтеш кездесе қалып еді, тағы да шапыр-шұпыр айкаса кетті. Жана шығып келе жатқан мойын жүндері селдірей үрпиісіп, аяқтарымен де, қуатсыз қанаттарымен де ұрысады.

Бір ұядан шыққан маңайдағы балапандар:

— Ей, бұларын не! — десіп, араларына түсіп еді.

— Әрман тұрыңдар, сендерден ақыл сұрағаным жоқ қой! — деп, қара балапан беттепеген соң, өз жайларына кетті. Әлден уақыттан кейін, скеуінің де айдарларынан қан шығып, әлсірей бастады.

Манағыдай емес, енді төбелестен гөрі, үлкен әтештерден көргендеріндей, жерді шұқи, мойындарын қылт-қылт еткізіп, ұрысқа көшті:

— Сенің менмендігің өтірік пе, өмірге өзін келгендей боласың да тұрасың, ананы сыйлау жоқ. Кеуденді қакпа олай! — дейді ақ балапан.

— Ең, ол жұмыртқа басса, бізді аяды деймісің. Оның аты тауық емес пе? — деп қарсыласа түсті қара балапан.

— Әй, бейбак, кеше ғана көзінді жаңа ашқанда шықылдап соңынан қалмаушы едің. Бұл күнде аймаалаған жылы бауырында, қорғаштаған қанатының астында жатуға арланып жүрсін ғой.

— Жатқан, сен-ақ жата бер. Сен сияқты жауыннан қорғалап, жауымнан қорқатын мен емес...

— Ең алғаш жемді қалай шоқуды да үйреткен, қатты ас болса тамағынан өткізбей, бізге ұсақтап беретін де сол анаң емес пе еді?!

— Ондайлар есімде жоқ. Болса болған шығар. Оның несін айтасың. Жалғыз сол ғана деп пе ең, барлық тауықтардың әдеті ол.

— Енді өзім де жеттім деп тұрсың ғой, — деді ақ балапан бір ұмтыла түсіп.

— Әрине, жеттім. Мен, міне, ірі әтештердей шақыруды да өзім үйрендім. Оны да шешей үйретті дерсің, — деп, қара балапан басын кекжиге, қарлыққан даусымен нәштеңе айғай салды.

— Хи-ке-ре-к...

Ыза болып кеткен ақ балапан даусын аяқтатпастан ағып келіп, қанатымен тартып жіберді.

Тағы да шапыр-шұпыр. Бірақ бұл жолы олар көп төбелесе алмады. Жақында жүрген анасы — шұбар тауықтың үрейлі дауысы шықты:

— Тығ-р-ғылында-р!

Ақ балапан жүгірген бойы анасының қанатының астына кіріп кетті.

— Ә, қорықтың ба! — деп масаттанған қара балапан, мойнын созып жіберіп, тамағын кеней шақыра бастады. Бірақ оның: «Хи-к...» деуге ғана шамасы келді. Бұл кезде жоғарыдан сорғалап келген қара құс оны іліп алып кетті.



С. Жүнісов.

Оны Мавр деп атаушы еді

(Карл Маркстың туғанына — 140 жыл).



Бүкіл адамзаттың болашағы үшін еңбек еткен дүние жүзі еңбекшілерінің кеменгер көсемі Карл Маркстың тек жазып қалдырған еңбектері ғана емес, оның қарапайым өз өмірі де бізге үлкен мектеп.

Бұл тамаша ұлы адамның өз қыздары-

ның сұрақтарына берген жауабын еске алайықшы:

Сұрақ: Сіз адам бойынан қандай қасиетті аса жоғары бағалайсыз?

Жауап: Қарапайымдылықты.

Сұрақ: Сіздің ойыңызша, бақыт деген не?

Жауап: Күрес.

Сұрақ: Адам бойында сіз жиренетін, жек көретін нәрсе не?

Жауап: Жарамсақтық.

Сұрақ: Сүйікті ісіңіз?

Жауап: Кітап оқу.

Балалар, осы сүйікті көсеміміздің қаншалықты кішіпейіл, мейірімді, тамаша, қарапайым адам екенін көз алдарына елестете түсу үшін, оның өмірінен бірнеше мысалдар келтірейік.

«Меніңше, Маркс балалармен араласқан уақытта тіпті сүйкімдірек еді. Ал, балалар болса, тату-тәтті ойнау үшін, одан артық дос таба алмас та еді», — дейді өзінің естелігінде Карл Маркстың қызы Элеонора.

Расында да Маркс балаларды өте жақсы көрген және тәрбиелей білген. Дүние жүзі еңбекшілерінің жарқын болашағы үшін күн-түні қажымай, талмай еңбек еткен алып ойдың иесі өз балаларымен қыдырып, ойнауға да уақыт табатын еді. Демалыс күндері әсте қызмет етпейтін. Өйткені, ол күні тек қыздарының қасында болатын. Олар үшін қағаздан қиып кемелер жасайтын да, оларын легенге құйылған суға жүздіріп, «теңіз соғысын» ойнайтын. Теңіздегі кемелер өртене бастағанда, ойнаушылар қызыға қарап, рахаттана күлетін еді. Әрине, ойын түрлері ылғи өзгеріп отыратын. Маркстың қыздары Женни, Лаура оны кейде орындыққа «жөгеді» де өздері сол орындықтың үстіне жайғасып алып, оған сүйреткізеді. Ал кіші қызы Элеонора әкесінің мойнына отырып алып, оның қалың «жалынан» жұлқылап, өздерінің кішкене бағында күнұзын шапқылап жүретін-ді. Мавр — біздің атымыз деп мәз-мәйрәм болып, өзді-өзі күлісетін.

Олардың оны Мавр деп атауының себебі бар еді. Маркстың өзі жасынан-ақ ат қоюға тапқыр болды. Ол оны өз семьясындағы әрбір адамның мінез-құлқына, қасиетіне қарай лайықтайтын. Және қойған атын кездейсоқ ала салмай, сол уақыттағы әдеби шығарма-

ларда кездесетін кейіпкерлердің, тарихта белгілі адамдардың есімдерін пайдаланатын. Мысалы, Фридрих Энгельс Маркс семьясында «генерал», Маркстің қыздары: Женни «Кви-Кви» (қытай императоры) немесе «Ди», Лаура «Готтентот» немесе «Какаду», Элеонора Тусси немесе «Кво-Кво» (қытай принці) деп аталып кеткен. Карл Маркстің өзін, оның қараторы жүзі және шымқай қара шашы мен сақалына, мұртына қарап, тек балалары ғана емес, дос-жарандары да «Мавр» деп атаған. Ал, Коммунистер Одағының мүшелері, оның 30 жасында-ақ «Маркс әке» деп ат қойған. Кейінгі кезде Маркс тұрған көшенің кәрі-жасы оны осылайша атап кеткен.

Маркс кішкентайынан бастап ертегі айтуға өте шебер болды. Бала кезінде өзімен бірге туған апайларына өзінің кір қолымен илеген камырдан дайындаған «пирожкилерді» еріксіз жегізетін. Өйткені, олар Карлдың айтқанын істегендері үшін, одан өте қызықты ертегілер еститін. Бертін келе, ол өз балаларына жалықтастан ертегі айтып беретін болған.

Ертегі айтумен бірге, Мавр балаларына түрлі кітаптарды дауыстап оқып беретін. Оның қыздары алғашқы рет Гомер шығармасымен, «Нибелунгтар туралы әндер», «Гудрун», «Дон Кихот», «Мын бір түнмен» осылайша танысқан. Ал, Шекспир шығармалары кашанда қолдан түспейтін шығарма-

лар болып есептеледі. Тіпті, алты жасының өзінде Элеонора Шекспир пьесаларының сценаларын жатқа айтатын болған.

Міне, Маркс өз балаларының момын, мейірімді, әрі сүйкімді әкесі, сонымен бірге, олардың досы, жолдасы сияқты болды. Балаларының өмір бойы Марксті әке демей, Мавр деп атауы да осыны көрсетеді.

Маркс өзінің туған балаларына ғана емес, онымен бірге, бөтен балаларға да өте мейірімді, сүйкімді болған. Ол қандай жауапты қызмет үстінде отырмасын: «Маған келген балаларды бөгемендер және олардың келіп тұруына тыйым салмаңдар», — дер еді.

Маркстің балаларды нағыз досындай көретіні Элеонораның мына бір естелігінен де белгілі. «Әлі есімде, — дейді ол, — бір күні қыдырып келе жатыр ең, Мейтленд паркінде, шамасы он жастағы бір оқушы бала Интернационалдың «қаһарлы» көсемін қымсынбастан оп-оңай тоқтатып алды да, «Кел, бәкі айырбастайық» деді. Сөйтті де, екеуі де бәкілерін шығарып салыстырды. Баланың бәкісі бір басты екен де, Маркстің бәкісі екі басты екен, бірақ өте мұқалған көрінеді. Олар біраз дауласып тұрды да, ақыры келісімге келді. Маркс бәкісінің мұқалғандығы үшін, үстіне ақша қосып берді».

Міне, дүние жүзі пролетариатының көсемі Карл Маркс қандай қарапайым, қандай кішіпейіл, мейірімді адам болған.

В. И. ЛЕНИН АТЫНДАҒЫ ПИОНЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОВЕТІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

ВЛКСМ Орталық Комитетінің VIII пленумында В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының жұмысын жақсарту мақсатында жас пионерлердің Орталық, республикалық және облыстық Советтерін ұйымдастыру туралы қарар қабылданған еді. Осыған байланысты Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бюросы республика пионерлері ұйымының Советі құрамын бекітті. Оның құрамында әр түрлі мамандықтағы адамдар бар. Олардың ішінде профессор Р. Г. Лемберг, қарт коммунист И. А. Иштокин, колхоз председатели Хвостенко, искусствоға еңбегі сіңген қайраткер Б. А. Орлов, композитор К. Қожамьяров, мұғалім Б. Ф. Пискунов, жазушы М. Д. Зверев, Денсаулық сақтау министрінің орынбасары А. В. Бейсенова, Оқу министрінің орынбасары Ә. Шәріпов, аг-

роном Д. Досайбаев, аға пионер вожақты В. А. Кремер, Б. Пак, З. Тұрғынбаева, Н. Федорова, суретші А. М. Черкасский тағы да басқалар бар.

В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының республикалық Советі жанында балалардың сабақтан тыс жұмысы, қоғамдық еңбекке үйрету, техникалық творчествосы мен жас натуралистер жұмысы, саяси-тәрбие жұмысы, эстетикалық тәрбие, дене тәрбиесі, балалар туризмі мен жазғы демалыстарын ұйымдастыру, пионер вожақтылары мен активтер арасындағы жұмыс секциялары жұмыс істейді.

Пионер ұйымдарының республикалық Советінің председатели болып Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары А. Х. Ыбраева бекітілді.

ЖАЗУ ТАРИХЫНАН

Адамдар жазумен өте көне замандарда-ақ шұғылданған. Ертедегі қытай мен египет жазуларының пайда болуын ғалымдар біздің эрамыздан бұрынғы төрт мыңыншы жылдар шамасы деп көрсетеді. Ерте замандардағы жазулар, әрине, біздің қазіргі жазуымыз дәрежесінде емес еді. Жазудың ең көне үлгісі — пиктографиялық жазу яки сурет жазу. Бұл жазудың нұсқалары алғашқы адамдар тіршілік еткен тау үңгірлерінің қабырғаларында, жар тастардың беттерінде, сүйектер мен мүйіздерге салынған суреттер арқылы бізге жетіп отыр. Бір зат я құбылыс туралы хабарлау үшін сол заттың, құбылыстың суреті салынған. Мұндай суреттерді пиктограммалар деп атайды. Мысалы, ат, қайық, ай дегендерді білдіру керек болса, аттың, қайықтың, айдың суреттерін салып көрсеткен.

Сурет жазу көзге көрінетін таныс нәрселер, қимылдар туралы ғана баяндауға мүмкіндік берді. Адамдар бірте-бірте суретпен көрсетуге келмейтін ұғымдарды білдіру үшін шартты таңбалар ала бастаған. Мұндай шартты таңбалар дара ұғымды білдірген. Осының нәтижесінде адамдар сурет жазудан анағұрлым икемді идеографиялық жазуға яки ұғымды білдіретін жазуға көшкен. Бұл жазуда бір нәрсе немесе құбылыс жайында хабарлағысы келсе, енді олардың суреттерін салып жатпай, осы нәрсе мен құбылысты білдіретін шартты таңбаларды пайдаланған. Мысалы, бір пиктографиялық жазуда күн — ☉, ай — ☾ суреттер арқылы белгіленсе, көне

Қытай идеограммаларында ай — 日, күн — 月

Осылайша таңбаланып берілген.

Алғашқы идеографиялық жазу ертедегі Қытай мен Египеттен шықты. Көне Египет идеографиялық жазуының таңбаларын гректер иероглифтер деп атаған, бұл — қасиетті өрнек деген сөз, өйткені ол кездегі адамдар жазуда қасиетті сыр бар деп ұққан. Кейін идеографиялық жазулардың барлығы осылайша иероглифтер деп аталып кеткен. Қазіргі қытай жазуы осы идеографиялық жазудың ең жетілген түріне жатады. Осы күнгі корей, жапон жазуларының да алғашқы нұсқасы — осы қытай жазуы. Пиктограммалар да, идеограммалар да сөзді, атауды білдірмей, ұғымды білдіреді.

Пиктографиялық жазуды, оны жазған адамның қай тілде сөйлейтіндігіне қарамастан, ол тілді білмейтін басқа адамдардың түсіне беруіне болады. Сол сияқты идеографиялық жазуды да оның иероглифтерімен таныстығы бар әрбір азамат өз тілінде оқи алады.

Идеографиялық жазулардағы шартты таңбалардың өте көп болуы сауаттануды қиындатады. Адамдар бері келе идеографиялық таңбалардың кейбіреулерін сөз буындарының жеке тіл дыбыстарының символы ретінде пайдалана бастайды. Мұның нәтижесінде осы күнгі дыбыстық жазу шығады. Дыбыстық жазуымыздағы әріптер жеке тіл дыбыстарының символдары. Бұл жазуды кейде тіл жазуы деп те атайды, себебі мұнда біз ұғымды емес, әріптердің жәрдемімен нақтылы бір тілдегі бар сөздерді хатқа түсіре аламыз, сондықтан жазудың бұл түрі әрбір тілдің өз алфавиті болуын тілейді.

Сыналап жазу ертедегі Қос өзен мемлекеті Вавилонияда біздің жыл санауымыздан екі мың жыл-

дар бұрын пайда болды. Зерттеушілердің соңғы пікірі бүкіл әлемге тараған алфавиттердің негізі миной жазуы болды дегенді қуаттайды. Бұл жазудың сақталып қалған ескерткіштері біздің эрамыздан алғашқы XII—XI ғасырларға жатады. Таяу шығыста өмір сүрген көне заман халықтары финикиялықтардың жазуы миной жазуының қалыптасуына едәуір әсерін тигізді. Миной жазуын финикиялықтар кейін (біздің эраға дейінгі V—IV ғ. ғ.) жетілдіре келе дауыссыз әріптерден құралатын алфавитке ұластырды. Осы алфавиттен келіп арамей, көне еврей жазулары шығады. Арамей жазуларының алғашқы үлгілерін түрік тілінде сөйлеуші халықтар да пайдаланған. Қазақстандағы Шу өзенінің бойында XI ғ. болған Баласағұн қаласында тұрушы Жүсіп Қасқаджіптің түрік тілінде жазып қалдырған кітабы «Құдатқұ біліктің» жазуы осы ескі арамей үлгісіне ұқсас. Арамей жазуынан дамыған араб жазуы IX—X ғ. ғ. ислам дінімен бірге түрік тілінде сөйлеуші халықтарға тарады. Осы күнгі Қазақстанның шығысын VI—VIII ғ. ғ. мекендеген көшпелі түркі халықтарының 38 әріптен тұратын өздерінің дыбыстық жазулары болған, бұл жазудың ескерткіштері Енисей мен Монғолиядағы Орхон өзендерінің бойларындағы құлпы тастарда сақталған.

Зор мәдениеттің құралы болған классикалық грек алфавитінің де түп нұсқасы миной жазуы мен финикиялықтардың жазулары болды. Батыста көп тараған қазіргі латын алфавиті грек жазуынан алынған. Сондай-ақ, Совет Одағындағы көптеген халықтардың қолданатын орыс алфавитінің де бастапқы түрі — глаголица, кириллица жазулары славяндарға IX—X ғ. ғ. шамасында Византиядан келді.

Халықтардың жазуында әртүрлі жазу дәстүрлері байқалады. Арамей, араб жазулары оңнан солға қарай, латын, орыс жазулары солдан оңға, көне ұйғыр жазуы, қазіргі қытай жазулары жоғарыдан төмен, ал көне грек жазуының бір жолы солдан оңға, бір жолы оңнан солға қарай алма кезек бағытпен жазылған.

Жазатын материалдардың сыпатына қарай, жазудың таңбалары да өзгеріп отырған. Тасқа, сүйекке, ағашқа, бамбукке жазылған көне жазу үлгілері, көбіне, сынаға ұқсайды. Қашап жазылғандықтан мұндай жазулардың таяқшалары әдетте бұрышты, сынық болып келеді, осыған орай оларды сына (клинопись) жазулар деп атайды. Соңғы уақыттарда адамдар папирус, жібек, тері тәрізді жұмсақ заттарға сызып жазатын болған кезде, жазу таяқшаларындағы имек элементтердің көбейе бастағандығы көрінеді. Қағаздың шығуы, кейін кітап басу өнерінің дамуы жазуда күрделі өзгеріс тудырды: жазудың баспа, жазба шрифттері бөлініп сараланды. Жазу, шын мәнінде, адамдар арасындағы қарым-қатнастың көмекші құралына айналды.

Мінеки, бұл айтылғандардан біз жазудың өте қарапайым суреттерден бастап біздің осы күнгі жазуымыз дәрежесіне дейін дамыған құбылыс екенін көреміз. Жазу — адамның жасампаздық қабілетінің баға жетпес табысы. Жазуды қадірлей білу, оны қатесіз, көркем жазу әрбір мәдениетті азаматтың міндеті.

С. ОМАРБЕКОВ.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының аспиранты.

ИТ ПЕН ТҮЛКІ

Түлкі бірнеше күндей жортып, жеуге еш-нәрсе таппады. Тым болмаса, қуарған қу сүйек те кездеспеді. Қаншырдай қатып, жарал, жүндері үрпиіп, құлағы салпайып, жүрісі де мандымай, аяғын бір басып, екі басып, денесінен қуат кетіп, әлсірей бастады. Қабағы қатып, көзінің алдына тұрған былшық күннен күнге көбейе берді. Көзінің былшығын сүртіп, тарану да есінен шықты. Мұрнынан су ағып, сүмірейіп, сүйретілген құйрығын да көтеруге шамасы келмеді. Құйрығымен жер сызып, аштан бұралып келе жатып, сыпырындының үстінде сүйек кеміріп жатқан итті көрді.

Сілекейі онан сайын шұбырып, ішегі шұрылдап, сүмірейіп қарап тұра қалды. Ит бір қарады да, аузындағы тәтті сүйекті қимай кеміре берді. Түлкі есі-дерті сол сүйек болып, ақырын жылжып, жақындай түсті. Сүйекті қызғанып, ішіне тарлық біткен ит түлкіге тұра ұмтылды. Жанына қысым келген түлкі аштықтың бәрін ұмытып, зыта жөнелді. Еріккен ит жақындаған сайын өршелене қуды. Қалжыраған аш түлкі жанынан күдер үзіп, артына қарауға да шамасы келмей каша берді. Бір төбені айнала қашты. Белі былқылдап, сүріне берді. Иттен қашып құтыла алмасына көзі жетті. Түлкінің құтылмасын сезген ит өршелене қуды. Түлкіні төтесінен қайырып, тісін қайрап, құшырлана ұмтылды. Желкесінен қапсыра тістеп, сілкілеп, жерге ұруды ойлады. Түлкі талай әдіске салса да, онысынан ештеңе шығара алмады.

Ит әне жеттім, міне жеттім дегенде, түлкі сылқылдап күліп шалқасынан жата қал-

ды. Түлкі дем алмастан сықылықтап күле берді.

Ит түлкіге қару жасамай, ырсиған қалпында тұрып қалды. Түлкі күле берді. Ит ашуланып:

— Неменеге күлесің, залым, мойнынды бұрап, жұлып алайын ба?! — деп ұмтылғанда, түлкі күле сөйлеп:



— Таксыр, сіз не істесеніз де, сіздің бір жолғы ойыныңызды көтермейтін ақымақ емеспін ғой. Сіз мені корқытайын деп, ойнап қуып жүргеніңізді түсінемін ғой. Әйтпесе, менің терімдей тері өзіңізде де бар. Етімді жемейсіз. Сіздің біраз көңіл көтеруге қуғаныңызды біліп, өзімді күлкі қысып, бұдан әрі қашқаным жоқ. Сіз ойнағанда өстисіз, шындасаныз не болар еді. Ой, қызық-ай десеңізші. Әлі қуып келесіз, әлі қуып келесіз. Жеткізбей каша берейін десем, сіз тағы ашулана ма деп... ішегім-ай! — деді де, түлкі тағы күлді. — Шешем марқұм сіздерді қатты мақтаушы еді, енді көзім көрді.

Ит құйрығын бұландатып, түлкіге ыржиып бір қарады да, ауылға қарай аяндап жүріп кетті.

Б. Тұрсынбаев.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Жақында Англияның дүкендерінде формасы және көлемі жағынан ерекше (10×6, 5×5 см) микроскоп сатыла бастады. Оның салмағы небәрі 510-ақ грамм. Оған 35 миллиметрлік пленкамен түсіретін фотоаппараттың қандай түрін болса да оп-оңай жалғастыруға болады.

Бұл микроскоппен қараңғылау жерде де, тіпті түнде де жұмыс істеуге және сурет түсіруге болады. Себебі, оның кішкентай электролампочкасы бар.

Бұл микроскопқа столдың да қажеті жоқ. Оны қолда ұстап тұрып та, заводтың лабораториясында да, ұшып бара жатқан самолетте де, жүзіп бара жатқан кемеде де, автомашинада да пайдалана беруге болады. Ол, әсіресе, экспедицияға шыққан адамдар үшін өте пайдалы.

Францияның өнертапқышы Пьер Ниетто ме-

талдан қағаз жасаудың жолын ойлап тапты. Металдан жасалған қағазға жазуға да, машинкамен басуға да, тіпті оған сурет салуға да болады. Бұл қағазға ешқандай қышқылдың әсері тимейді және ол 1100° ыстықта да жанбайды. Бұл қағаз құнды документтерді сақтауға өте қажет.

Австралияның оқымыстылары жүннен жасалған маталардан істелген киімдерді үтіктегенде оның қыры көпке дейін кетпейтін әдіс ойлап тапты.

Сол әдіс бойынша үтіктелген шалбарды төрт сағат бойы жаңбырдың астына қойып, оны қайта кептіргенде, шалбардың бұрынғы пышақтың қырындай сынған қыры сол қалпын сақтаған.

Үтіктер алдында киім оқымыстылар ойлап тапқан сұйық затқа малынады да, одан соң қызған үтікпен салмақты қатты салып үтіктеледі.

МАЛЫБАЙ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Арқа желі екпінді,
— Мен жеңемін,—деп тұрды.
Соңғы суын сарқылтып,
Торсықтарды кептірді.
Ойдым-ойдым ойларда —
Су болмас деп ойлар ма!
Мойнын созып мұңайып,
Маңырайды қойлар да.
Қарасаң да қадала,
Ешнәрсе жоқ далада.
Шөлдедім деп жылайды
Шыдамсыз жас бала да.
Көш тіреліп өрге кеп,
Асқан кезде өрмелеп,
Сай көрінді ар жақтан
Шағын ғана дөңгелек.
Табылғандай тың өткел
Лүпілдеді жүректер.
Күбірледі көмпір, шал:
— Я, құдайым, тілек бер.

Құмды қардай боратты,
Мұндай күшті кім көрген.
Күткен үміт алдады,
Тұтанбады, жанбады.
Қартты бірақ тілсіз күш
Еш жасыта алмады.
Күрек әрі бармады,
Ешбір амал қалмады.
Қазық қақты енді ол —
Пұт жарымдық салмағы.
Қазық бойлап көп батты,
Арқан байлап ел тартты.
Сол кез қазық орнынан
Су шапшыды, көкке атты.
Сайды лезде көл жапты,
Күн бұрын кім болжапты!
Құрбан болып көп үшін,
Көл түбінде ер жатты.
Жан жүйесі сөгіліп,
Ел жылады егіліп.



О, керемет көз салғын:
Сайдың іші көк шалғын.
Су жоқ көзге шалынған,
Лебі бірақ сап-салқын.
Інген басын жалт бұрып,
Сөйлеп кетті қарт тұрып:
— Қасиетті жер екен,
Жетсін жылдам артқы жұрт.
Бұдан әрі көшпейміз,
Азап шөлін кешпейміз.
Суы жатыр тайызда
Үміт жанды, өшпейміз.
Түсе қалып інгеннен,
Қазды құдық тың жерден.

Қала берді есіп ер
Су түбіне көміліп.
Жұлдыз шықты жымыңдап,
Самал есті сыбырлап.
Көмеріне келіп көл,
Қайнап жатты шымырлап.
Аңызы ғой халықтың,
Айта алады анық кім.
Ер атымен сол бір көл
«Малыбай» боп қалыпты.
Жүзсе қаз бен құлары,
Шолпылдайды сулары.
Әлі талай жыр туар
Сол «Малыбай» туралы.

А. АСЫЛБЕКОВ.

„ДАЛА ҚОҢЫРАУЫ“

Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы 1957 жылы ақын Ғафу Қайырбековтың «Дала қоңырауы» дейтін кітабын жарыққа шығарды. Бұл кітап қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген тұңғыш ағартушысы, әрі жазушысы Ыбрай Алтынсариннің өмірін көркем сурет арқылы көз алдыға елестетеді.

Ыбрай Алтынсарин өзінің өлеңдері мен әңгімелері және мақалалары арқылы қазақ жастарын өнер, білімге шақырды, қазақ халқын мәдениетті елдердің қатарына жеткізу үшін көп еңбек етті.

Ғафу Қайырбековтың «Дала қоңырауында» Ыбрай Алтынсариннің осы ұлы мақсатты жүзеге асыру жолындағы игілікті істері жырланады. Шығарма тоғыз тараудан құралған. Бірінші тарауында Ыбрайдың қазақ балалары үшін мектеп ашу мақсатымен Орынбордан Торғайға шеккен сапары көрсетіледі. Бұдан кейінгі тарауларында Ыбрай Алтынсариннің елмен танысуы, мектеп үйін салу үшін қаражат жинауы, өнер, білімнің пайдасы туралы үгіт жүргізуі жырланады.

Бір нұр бар күннен өзге білім деген,
Қадірі қазаққа өзір білінбеген,
Анасы бар өнердің адамдағы
Сол ғана сыр теңізі түбі терең.

Осы идея дастанның өзекті желісі секілді бастан-аяқ жүріп отырады. Мектеп ашу, балаларды оқуға тарту Ыбрайға оңайға түспейді. Біріншіден, мектеп салу үшін қаражат жинау қиынға түссе, екіншіден, балалардың мектепке баруына байлар мен молдалар бөгет жасайды. Дастанда Ыбрай Алтынсариннің осы бай, молдалармен күресі шебер де, шынайы суреттелген. Ыбрайдың жаулары:

Көңіліне көз беруге кіл наданның
Білімі аздық етер бір адамның,— деп кедергі жасап оны жолдан тайдыруға тырысса,
Ыбрай:

Қолымнан аямасам келгенімді,
Бір тамшы сіңіре алсам еңбегімді,
Жарыққа жалғыз қадам жақындатсам
Өкініш етерім жоқ өлгенімді,— деп өз

мақсатына берік екенін зор сеніммен, үлкен сезіммен айтады.

Дастан бастан-аяқ белгілі сюжетпен дамиды. Сол өткен ғасырдағы елдегі әлеуметтік жағдай қазақтың бай табиғатымен әдемі аста-сып, оқушының көз алдынан жанды суреттер өтіп жатады. Қорытып айтқанда, дастанның тілі көркем, мазмұны қызықты. Бұл кітап республикамыздың барлық кітап дүкендерінде сатылып жатыр.

Оқушы достар, «Дала қоңырауын» сатып алып, оқып шығындар, өздеріңнің кітапханаларыңның қорына қосындар.

Б. САУРЫҚОВА.

ТИМУРШЫЛАР ЖӘРДЕМ!

С. М. Киров атындағы орта мектептің жанындағы пионер ұйымында тимуршылар командасы үшінші жыл жұмыс істей бастады. Биыл тимуршылар командасына VII кластан 20 оқушы жазылды. Жақында біз жиын өткіздік. Жиын соңынан 4 звеноға бөлініп ауылдағы кем-кетіктерге көмектесуге шықтық, мен 4-звенодағы Бекшесева, Егізбаева, Мархабаеваларды қасыма ерттім.



Сөйтіп, балалары Отан соғысында қайтыс болған мүгедек ана — Қанбибі әжейдің үйіне бардық. Қарт ана бізді қуана қарсы алды. Өзінің тұрмысы туралы әңгімеледі. Әңгімеден кейін әжейден рұқсат алып, үйдің ішіндегі заттарды сыртқа шығарып қақтық, бөлменің қабырғаларын ағарттық. Әжей бұған үлкен алғыс айтты.

Қазір де Қанбибі әжейдің үйіне балалар жиі барып тұрады. Әжейдің отынын жарып, суын тасып беруден пионерлер бас тартпайды. Өйткені, үлкенге құрмет көрсету әр пионердің міндеті екенін олар жақсы түсінеді.

К. ТАБЫЛДИЕВ.

Гурьев облысы, Шевченко ауданы,
С. М. Киров атындағы мектептің
пионер вожатыйы.

ЖОЛДАСТЫҚ КӨМЕК

IV-6 класының оқушылары Мұрат пен Әлтай арифметика мен орыс тілінен тағы да «екілік» баға алды. Осы жай отрядтағы барлық пионерді ойландырды. Не істеу керек? Екеуі де сабақта тәртіп бұзбайды. Мұғалім сабақ түсіндірген кезде бар ықластарымен тыңдайды. Бірақ, бәрі де нәтижесіз.

Сол сабақ бітісімен оқу озаттары Бейбу Байзірова мен Жолдыбек Зейнуллин ақылдасты да, класс жиылысын өткізуге келісті.

Балалар сөзді алдымен Мұрат Берденовке берді.

— Мен жаман оқыын деп жүргенім жоқ. Өздерің білесіңдер, сабақты да бар ынтаммен тыңдаймын. Әсіресе, орыс тілі маған ауыр тиіп жүр. Рас, мұғалім сабақ айтып тұрғанда да кейде ұға алмай қаламын, қайтып сұрауға батпаймын... — Мұрат әрі қарай сөйлей алмай жылап жіберді. Балалар Әлтай Ділдебековты да тыңдады.

Жиылыс соңында Мұрат пен Әлтайды кластағы оқу озаттары Б. Байзірова, Ж. Зейнуллин, Ә. Аймұқанова, Б. Жүсіпбеков қамқорлықтарына алуға келісті.

Арада бірнеше күн өтті. Осы алты бала сабақты бірігіп дайындады. Соның нәтижесінде Мұрат пен Әлтай үлгерушілер қатарына қосылды.

С. ДОСАНОВ.

Қостанай облысы, Аманкелді селосы,
Аманкелді атындағы жетіжылдық
мектеп.



Мұқабаның бірінші бетіндегі А. Вяльцевтің «Хайуанаттар паркінде» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Иманжанов М.,
Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 4/IV-1958 г. УГ02226. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 п. л.
Тираж 38203 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР.
Заказ № 642.

962988



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 2-санындағы криптограмманың, жұмбақтардың, «34»-тің жауаптары.

КРИПТОГРАММА

«Ел ұлт үшін тұмайды, жұрт үшін туады»

ЖҰМБАҚТАР:


1. Қазан.
2. Балық
3. Кірпі.
4. Түтін.
5. Радио.
6. Көккүтан.

„34“

4	15	1	14
5	10	8	11
12	7	9	6
13	2	16	3

Дұрыс шешуін бірінші жібергендер:

Т. Исаберлин (Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы), Қ. Нүсіпов (Жамбыл облысы, Шоқпар станциясы), Б. Дабаев (Талдықорған облысы, Лепсі станциясы), Қ. Қисаметов (Алматы облысы, Жамбыл ауданы), Қ. Шамшатов (Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы).



Мына кішкене дөңгелектерге 1-ден 11-ге дейінгі сандарды орналастырындар. Сонда әр ромбыдағы сандардың қосындысы 21 болсын.


О. ҚАЗЫБАЕВ.

Казалы станциясы,
№ 3 Темір жол училищесінің
оқушысы.

КРОССВОРД

КӨЛДЕНЕЦІНЕН:

2. Сүтқоректі ірі жануар.
5. Табиғатты өзгертуші ұлы адам.
8. Лермонтовтың шығармасы.
9. Азиядағы тау.
13. М. Әуезов пьесасының басты кейіпкері.
14. Адам мүшесі.
15. Халықтық демократиялық республика.
20. Қайықтың бөлшегі.
21. Физикалық химияның негізін салушы оқымысты.
22. Қазақ халқының әнші қызы.
25. Халық ақыны.
26. Планета.
27. Пушкиннің досы.
30. Өзбектің ұлы ақыны.
31. Жабайы жануар.
33. Жер орта теңізіндегі арал.
34. Еділ өзенінің саласы.



ТІГІНЕН:

1. А. Гайдар шығармасының басты кейіпкері.
3. Академик астроном.
4. Европадағы өзен.
6. Динаның күйі.
7. Ә. Сәрсенбаев шығармасының басты кейіпкері.
10. Индонезиядағы арал.
11. Қазақтың лиро-эпос жырындағы кейіпкердің есімі.
12. Солтүстік мұз теңізін зерттеушілердің бірі, Советтер Одағының батыры.
16. Халық ақыны.
17. Түсті металл.
18. Қысқы киім.
19. Жәндік.
23. Өзен.
24. Европадағы өзен.
28. Тау.
29. Россиядағы шаруалар көтерілісінің басшысы.
32. Орыс теңізшісі.

Құрастырған Б. САҒЫНБЕКОВ,
СХИ-дің студенті.

ЖОРЫҚҚА ӨЗІРЛЕНІҢДЕР.





ПИОНЕР

№ 6 ИЮНЬ 1958
АЛМАТЫ

ЖАЗ

Әні Күнсәйын Қуатбаевтікі. Сөзі: Тұманбай Молдағалиевтікі.
МАРШ ЕКПІНДЕ ШАТТЫҚПЕН

Кү-лім-деп көк-те-гі күн күл-ді қы-зыл гүл да-ла-да жай-қал-
ды. Көк тол-қын е-гін-ге жү-гір-ді, жас дос-тар, жа-лын-ды айт ән-
ді. Жа-дыр-ап жаз кел-ді да-ла-ға. Күн күл-ді ас-пан-да нұр жүз-
ді. Жыр-лай-ық, шыр-қай-ық ба-ла-лар ер-тең-ге бас-та-сын бұл біз-

41

Күлімдеп көктегі күн күлді,
Қызыл гүл далада жайқалды.
Көк толқын егінге жүгірді,
Жас достар, жалынды айт әнді.

Қайырмасы:

Жадырап жаз келді далаға,
Күн күлді аспанда нұр жүзді.
Жырлайық, шырқайық, балалар,
Ертеңге бастасын бұл бізді.

Отанның орманды таулары,
Көгілдір көлдері кел деді,
Арқаның самалы таңдағы
Жас терек бұтағын тербеді.

Қайырмасы.

